| **«Табиғат аясында»<br>Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.<br>«Алақай,ойын!»** | **Қыркүйек<br>Серуен-Бақылау №19<br>Ағаштарды бақылау**<br>***Мақсаты****:*<br>—күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру;<br>—қайың мен терек ағашын діңдері мен жапырақтарына қарап айыра білуге үйрету;<br>— ағаш бөліктері туралы білімдерін тиянақтау (діңі, бұтағы, тамыры);<br>— туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз:***<br>Үйеңкі, қайың, қарағаш,<br>Самырсын, емен, қарағай.<br>Өседі бәрі аралас,<br>Бақшада өскен баладай.<br>Қаулап өскен ағаштар<br>Жеміс-жидек сайда да.<br>Хош іске елітіп<br>Тынып қалған айнала<br>Қамқоршы болшы орманға<br>Орманды бәрің қорғаңдар!<br>**Сұраққа жаап беріңдер:**<br>♦Басқа ағаштар арасынан қайыңды қалай табамыз?<br>♦Қайын діні қандай? *(ақ қара дақтармен.)*<br>♦Қайыңның тағы қандай | **Қыркүйек<br>Серуен-Бақылау №20<br>Емдік шөптерді бақылау**<br>***Мақсаты****:*<br>- Мектеп ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту;<br>-Табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру<br>***Бақылау барысы:***<br>Тәрбиеші балаларға аландағы емдік шөпке назар аударуларын сұрайды және сұрақтар қояды:<br>-Қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?<br>♦Қалақайды неге емдік шөп дейміз? Ол арамшөп емес пе? Қалақайдың жапырақтарының пайдасы қандай? *(онда* | **Қыркүйек<br>Серуен-Бақылау №21<br>Күз көрністерін бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>*Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «КҮЗ»***<br>*Қ . Ыдырысов*<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Жап-жасыл тал мынау,<br>Сары шапан киіпті-ау<br>Айнала тұнжырап,<br>Қабағын аспан түйіпті-ау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>♦Қазір жылдың қай мезгілі?<br>♦Неге күз деп ойлайсыңдар?<br>♦Күзде ауа-райы қандай болады?<br>♦Тағы қандай табиғат өзгерістерін білесіңдер?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жапырақтарды, | **Қазан<br>Серуен-Бақылау №1<br>Тастарды бақылау**<br>***Мақсаты:*** Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.<br>***Бақылау барысы***<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?<br>♦Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>- Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты)<br>♦ Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)<br>♦ Қатты тастарды атаңдар?<br>♦ Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\\<br>♦ Неге? (ол жұмсақ, жұғады) | **Қазан<br>Серуен №2<br>Жапырақтардың түсуін бақылау**<br>***Мақсаты****:*<br>—табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту;<br>—бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>***Күзгі жапырақтар.***<br>***Қ. Шаңғытбаев***<br>*Алтын сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ.*<br>*Күзгі бақта күлімдеп,*<br>*Көз тартады атырап.*<br>*Күн шуақта маужырап,*<br>*Жатыр еді атырап.*<br>*Ағаштардан жамырап,*<br>*Ұшты кенет жапырақ.*<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Барлық ағаштардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бөліктері бар? *(діңі, тамыры, бұтағы)*<br>♦Ағашқа тамыр не үшін керек?<br>♦ Күзде қайың жапырағының түсі қандай? *(сары.)*<br>♦ Жазда қандай еді? *(жасыл.)(терекпен де осындай жұмыс жүргізіледі)*<br>♦ *Қысқа ең алғашқы дайындалатын қай ағаш? (қайың)*<br>**Д/О. «Аталған ағашта тап». «Бір, екі, үш, қайыңға (терекке) қарай ұш!».**<br>**Мақсаты:** мәтінге сай қимыл жасауды үйрету, аталған ағашты табу<br>Зерттеу қызметі Гербарий үшін қайың және терек жапырағын жинау (айырмашылықтарын атау)<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке баулу<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Қозғалысты дамыту<br>*Мақсаты*: Бөрене үстімен жүруге жаттықтыру<br>***Тыйым сөздер:***<br>♦ ***Ағашты кеспе***<br>♦ ***Ағаш бұтағын сындырма***<br>♦ ***Ағаш жапыраған жұлма*** | *К,С витаминдері бар, қан кетуді тоқтатады, шашты қатайтады.)*<br>♦ Қалақай жапырақтарын қай уақытта дайындайды? *(шикізатты гүлдеген мезгілінде-маусымнан тамызға дейін дайындайды)*<br>♦Итмұрын жемісі несімен бай? *(А, Р, В, С Витаминдерімен. Алма және лимон қышқылдары бар;итмұрын жемісін күзге қарай жапырақтары түсін өзгерте бастаған, әбден піскен кезінде жинау керек).*<br>♦ Итмұрынды басқаша қалай атайды? *(Иван-шәй)*<br>♦ Шәйқурайдың қандай пайдасы бар? *(салқын тиюге қарсы және асқазан ауырғанда).*<br>Шәйқұрайдың жапырақтары мен гүлдерін, маусым айында гүлдеген кезде дайындайды. Олар С витаминдеріне өте бай, асқазан ауырғанда ем болады. Әсіресе өте тәтті шәй бір ғана гүлдерінен алынады..<br>-Жолжелкен (иманжапырақ). Оны кезкелген дала жолынан табуға болады. Оның салқын жапырағын аяқтың қажалған жеріне қоюға немесе жараланған саусаққа жапсыруға | өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр)<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын тазалау<br>***Мақсаты:***<br>— Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету;<br>— Ұжыммен жұмыс істеуге баулу.<br>**Қ/О:**<br>«Ормандағы соқпақтар».<br>*Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.*<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**<br>***Мақсаты:****жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,*<br>**Халық болжамы:**<br>**Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді.** | ♦ Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)<br>♦ Көмір не үшін керек? (отынға)<br>♦ Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды )<br>**Еңбек**<br>Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>***Мақсаты:***<br>— Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;<br>— Шығармашылық қиялын дамыту.<br>**Қ/О** «Ұшты-ұшты».<br>*Мақсаты:*<br>— Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалысты дамыту.<br>*Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру*<br>*Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу* ***«Күзгі табиғат»***<br>***Мақал-мәтел :***<br>***Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.*** | жапырақтарының түсі өзгерді ме?<br>♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді?<br>♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді?<br>♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл)<br>♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың)<br>♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайыңда )<br>Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды<br>♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады)<br>♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)<br>Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.<br>**Еңбек** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | болады.Жолжелкен жапырақтарында А,К,С витаминдері бар *және де жәндіктер шаққанда ауруды басуға, жараларды жазуға, қан тоқтатуға қолданылады.*<br>***Табиғат аясында өзін ұстау ережелері:***<br>— Қызыл кітапқа енбегендерін жинау керек;<br>— Өсімдікті тамырымен жұлуға болмайды;<br>— Бір түп өсімдікті солайымен жұлып немесе кесіп алуға болмайды.<br>**Зерттеу жұмысы:** Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу.<br>**Еңбек:** Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау<br>**Мақсаты:** ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту.<br>**Қ/О:** «Қасқыр қақпан»<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу<br>**Жаттығу ойындары:** Допты төменнен жоғарыға лақтырып, қағып алу.<br>**Мақсаты:** ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу | | | Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу<br>***Мақсаты:****бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*<br>**Қ/О:** «Түлкі мен қояндар».<br>***Мақсаты:*** *жануарлар мінез-құлқын ажырата білу*<br>**Жаттығу ойындары:** Қозғалысты дамыту.<br>***Мақсаты:****аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *мықтылықтарын дамыту.* | | жаяулар». <br>— ***Мақсаты:*** *Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу* <br>**Жаттығу ойындары** <br>Қозғалыстарын дамыту. <br>***Мақсаты:*** *20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту..* | | |
| **Балаларды үйге қайтару.** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.** <br>**Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес*** <br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** <br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. <br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** <br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** <br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** <br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тексерілген күні : 27.09.2021

Тексерілді ш.о әдіскері: ________________ Тусупова К.С

Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі: Актанова К.М

**Мектепалды даярлық 0 «Б» сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(04.10-08.10.2021 ж)**

***Ай тақырыбы:*** **«Менің отбасым»** ***Апта тақырыбы:*** **«Менің көшем»**

| ***Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру*** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Күн тәртібінің мазмұны Білім салалары*** | **04.10.2021 жыл Дүйсенбі** | **05.10.2021 жыл Сейсенбі** | **06.10.2021 жыл Сәрсенбі** | **07.10.2021 жыл Бейсенбі** | **08.10.2021 жыл Жұма** |
| | «Қатынас»<br>«Денсаулық»<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет***<br>***«Ертегілер әлемі»*** | «Таным»<br>«Әлеумет»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Әлеумет »<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет***<br>***«Логика»*** | «Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Вариативтік компонет***<br>***«Шебер қолдар»*** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Құрылыс ойыны: «Менің көшем»**<br>**Мақсаты:** балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материялдарын ұалай пайдалану керектігін меңгеру | **«Бағдаршамды құрастыр»**<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту | **«Жолаушылар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың көңілднрін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. | **«Танып ал да, атын ата»**<br>**Мақсаты:** жол белгілерінің атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. | **«Қажетті түсті тап» ойыны**<br>Балаларға сенсорлық тәрбие беру |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері Жаттығу** | **«Бақыт»**<br>Бақыт – біздің сиқырлы шеңберіміз,<br>Бақыт – біздің достарға сенгеніміз.<br>Бақыт – таңнан біреумен достасуың,<br>Бақыт – кеште достармен қоштасуың. | **«Жұлдызшалар»**<br>Ғаламшар, қарсы ал сәлемді,<br>Самғаймыз кезіп әлемді.<br>Қабыл ал шын жүректен<br>Балалар менен қыздардың<br>Махаббатына толы сәлемді! | **«Саусақ жаттығу»**<br>Құстар қанат қағады<br>Құстар ұшып барады,<br>Көкте қанат қағады.<br>Барлық құстар қосылып,<br>Шиқ-шиқ деп ән салады. | **«Шынықтыру шарасы»**<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру. | **«Демалуды қалыпқа келтіру»**<br>Демді қалыпқа келтіру.<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық,<br>Көріскенше күн жақсы<br>Сау саламат болайық!. |
| **Вариативтік компонент** | ***Вариативтік компонет «Ертегілер әлемі»*** | | | ***Вариативтік компонет «Логика»*** | ***Вариативтік компонет «Шебер қолдар»*** |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Мен – үлгілі баламын.**<br>**Рр дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.<br>Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**Кері байланыс:** | **1.ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы: Санап үйренемін.**<br>**1-ден 10-ға дейінгі сандар**<br>**Айналамдағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау**<br>**ҰОҚ мақсаты:** 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау.<br>**Дағды**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттайды<br>**Барлық тәрбиеленушілер:**<br>-заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады.<br>**Көптеген тәрбиеленушілер:**<br>-көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табады, оларды өлшемдерінің өсу(кему) ретімен орналастырады.<br>**Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>салыстыру үшін заттардың бірнеше нұсқасын ұсынады. | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Менің оқу құралдарым. Оо дыбысы мен әрпі**<br>**ҰОҚ мақсаты**: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Дағды:**<br>Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**Кері байланыс:** | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: Какие предметы есть в классе? Что делають дети на занятиях?**<br>**Цели:** Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами.<br>**Предполагаемый результат**<br>**Все воспитанники смогут:**<br>• внимательно слушать и реагировать на речь взрослого;<br>• понимать значение часто повторяющихся слов по лексическим темам;<br>• находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их.<br>**Большинство воспитанников смогут:**<br>• использовать в речи новые слова по лексическим темам: кукла, машинка, юла, кубики, играть.<br>• передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков. | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Өзім барам мектепке (өлең)**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Шағын мәтіндер, балалар тақпақтарының мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру Өзінің эмоциялық жағдайын сөзбен жеткізу,жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ, ертегі, тақпақ және т.б.)<br>**Дағды**:<br>Өзінің ұсынымдарын сурет, сызба түрінде безендіру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тілдік мақсаттар**<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>көбірек, азырақ, сонша, кеңірек, биігірек, жіңішкерек.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Заттарды көлемінің артуына қарай қалай бөлу керек екенін түсіндір.<br>**Жазу:** Торкөздер бойынша салынған үзік сызықтарды бастырып жазу.<br>**Ресурстар**:<br>Әліппе-дәптер.<br>Үлестірмелі материалдар.<br>**Әдістері: «Ғажайып сандар алаңы»** | | **Некоторые воспитанники смогут:**<br>• составить рассказ о любимой игрушке.<br>**РЕСУРСЫ:**<br>Азбука-тетрадь | |
| ***1 үзіліс*** | | | | | |
| **Тұрақты сөз тіркестерінен құралған санамақ**<br>**Мақсаты:** Сандарды жаттау, санауды дамыту.<br>Бір ауыз сөз,<br>Екі айтпайтын адам.<br>Үш қайтара сәлем,<br>Төрт түлік мал,<br>Бес уақ намаз,<br>Алты алаш,<br>Жеті қабат жер асты,<br>Сегіз қырлы жігіт,<br>Тоғыз торау жол,<br>Он сақа ой. | |  | | **Ойын: «Үкі».**<br>**Мақсаты:** Үкінің немен қоректенетінін және қай уақытта жүретінін үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші үкі болады. Ол ұясында отырады. Басқа балалар құрт-құмырсқа, көбелек, бақа болып секіріп жүреді. Тәрбиеші «түн» дегенде бәрі тоқтап қалады. Үкі аңға шығады, қозғалған ойыншыны көріп ұясына алып кетеді. Тәрбиеші «күн» дегенде барлығы жүгіріп ойнайды. Үкіні ауыстыруға болады. Кімді үкі ұстаған жоқ сол жеңімпаз атанады. | |
| **2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Өз мінез құлқымызды басқарып.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай | **2.Өзін - өзі тану** | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Мен білімді баламын.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Берілген кіріспесі бойынша әңгіме | **2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Мен мектепке не апарамын?**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Заттардың қолданылу | **2. Музыка**<br>**Тақырыбы: Ардақты ұстазым.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Таныс әннің, музыкалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**Кері байланыс:**<br>***«Басқару» әдіс***<br>**Рефлексия:** | | мазмұнын болжау<br>Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу. | аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орнату.<br>Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.<br>**Ойлау деңгейі**:<br>**Ресурстар**:<br>**Әдіс-тәсілдері**: | шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Барлық балалар:**<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.<br>**Көпшілік балалар:**<br>Қарапайым әуендерді сүйемелдеусіз таза интонациямен айта алады.<br>**Кейбір балалар:**<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз таза интонациялап, есту қабілетіне сүйеніп ән сала алады.<br>**Тілдік мақсат** :<br>**Көптілділік:** көңілді – веселый – cheerful.<br>негізгі терминдер мен сөз тіркестері:<br>Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты.<br>**Пікір алмасу сұрақтары:**<br>**Ресурстар:**<br>*«Тик-так»,*<br>*«Жаңғырық»* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *жаттығулары* |
| ***2 үзіліс*** | | | | | |
| ***Сюжеттік ойын: «Бағдаршам»***<br>**Ойынның мақсаты:** балалардың жол ережелерін сақтауға шақырады. Сонымен қатар бағдаршам шамдарының ерекшелігі және қызыметімен таныстырады. Тәрбиешінің қолында бағдаршам шамдары.<br>Балалар хормен :<br>Бағдаршам – ау, бағдаршам !<br>Айта қойшы сен жылдам :<br>Қай шам жанса тоқтаймын.<br>Қайсың жанса « бол дайын ! 》,<br>Уақыт келсе, зырлайын !<br>Тәрбиеші қызыл шамды көрсетсе - екі аяқтарын жерге қояды, сарыны корсетсе – аяқтарын көтереді, жасыл жанса – орындарында жүреді. Қателескен бала ойыннан шығады.<br>Ойын 3 рет қайталанады. | ***Саусақ ойындары***<br>**Ойын:*Су толтыру.***<br>**Мақсаты:**Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету.<br>**Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке.<br>**Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады. | ***Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.***<br>**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br>**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.<br>**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. | **Дидактикалық ойын: *«Домино»***<br>**Мақсаты:** «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>**Қажетті құралдар**: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар. | **«Сүйікті қаламызға саяхат»**<br>**Мақсаты**:Туып -өскен қаласы туралы білімдерін бекіту;үлкендер еңбегі,автокөліктер.<br>**Ойынның барысы**:Тәрбиеші балаларды үш топқа бөліп,карточкаларды таратады.Содан соң қаланың көрікті жерлері,үлкендер еңбегі,автокөліктер туралы әңгімелеуге тапсырма береді.Балалар қолдарындағы карточка бойынша әңгіме құрастырады. Әңгімені мазмұнды айтқан топ жіңішке жетеді. Топтар қағаздарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады. | |
| **3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **3.Сурет салу**<br>**Тақырыбы : Жұлдызгүл-мектеп гүлі** (пәндік)<br>**ҰОҚ Мақсаты:**<br>Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салу. | **3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: Түлкі мен ешкі(қазақтың«Түлкі мен ешкі» ертегісінің желісімен)**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Бұйымды тұғырға орнату техникасын пайдалану, бір тұғырға бірнеше | **3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы: Жапырақтардан композиция жасау.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Шаблон/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, | **3.Музыка**<br>**Тақырыбы: Ардақты ұстазым.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Өсімдік өсу үшін не қажет?**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Өсімдіктің жанды табиғат бөлігі екендігін анықтай отырып, өсімдік тіршілігіне қажетті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 0Саусақтарға күш түсірмей, қарындашпен, түсті **мектеп гүлі** (пәндік) бормен сурет салу, қарындашты (борды) көлбеу ұстау, бір бағытта жеңіл қимылдармен, штрихтарды бірқалыпты, сурет сызығынан сыртқа шығармай салу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салады.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**Кері байланыс:** | бұйымды орналастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: Мүсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>**«Ертегі терапиясы»**<br>**Ресурстар:** | пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру біріздiлігін дұрыс пайдалану.<br>Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді<br>қиып алу.<br>**Күтілетін нәтиже**: Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге бүктелген,<br>қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді<br>қиып алу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау.<br>**Күтілетін нәтиже**<br>**Барлық балалар:**<br>Музыка тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғаралығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнай алады.<br>**Көпшілік балалар:**<br>Қарапайым әуендерді сүйемелдеусіз таза интонациямен айта алады.<br>**Тілдік мақсат** :<br>**Көптілділік:** көңілді – веселый – cheerful.<br>негізгі терминдер мен сөз тіркестері:<br>Ашық-жарқын, мұңды, салтанатты. | жағдайларды анықтау.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Өсімдіктің жанды табиғат бөлігіне не жатады ?<br>♦ Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>**Д/О:** « Өсімдік өсу үшін не қажет тап»<br>**Д/О:** «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>***Мақсаты:***<br>-орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>-экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Бәйге».<br>***Мақсаты:***<br>Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***3 үзіліс*** | | |
| | **«Гүлдерді күтеміз»ойыны**<br>**Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.<br>**Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына кою , суреттер бойынша әнгімелету.<br> | ***Қимылды ойын:***<br>**«Бос орын»**<br>**Мақсаты:** Топтағы балаларды сақтық пен шапшаңдыққа үйрету.<br>**Ойынның шарты:**<br>Балалар бір шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің сыртына тұрады.Жүргізуші бір ойыншының иығынан келіп түртеді. Сол ойыншы мен жүргізуші шеңбердің бойымен қарама- қарсы жаққа жүгіріп бос орынға бірінші баруға тырысады. Кім шеңбердің сыртында қалса сол жүргізуші болады. | ***Қимылды ойын:*****«Ту».**<br>**Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту.<br>**Ойынның шарты:**<br>Балалар 3-4 топқа бөлінеді.Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді.( Тулардың түстері әр түрлі болу керек) | ***Қимылды ойын:***<br>**«Шұңқырдағы қасқырлар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>**Ойынның шарты:**Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды.(1-1,5 метр)Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады.Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек. | ***Қимылды ойын:***<br>**«Күн мен түн»**<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.<br>**Ойынның шарты:**<br>Балалар екі топқа бөлінеді.(«Күн», «Түн»). Екі топтың ойыншылары бір-бірлеріне арқаларымен қарап тұрады. Аралары 1,5-2 метр болу керек. Алаңның екі жағында екі топтың үйлері болады. Тәрбиеші бір топтың атын айтады. Сол топ өз үйіне қарай жүгіреді. Екінші топтың ойыншылары бұрылып қашып бара жатқан ойыншыларды түрту керек. Егер ойыншы үйіне кіріп кетсе оны түртуге болмайды. Неше кісі түртілгені саналады. Ойын 4-6 рет қайталанып әр топтың ойыншылары неше бала түрткені саналады. |
| | | | **4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | |
| | **4. Вариативті** | **4. Дене шынықтыру** | **4.Қауіпсіз мінез –** | **4. Вариативті** | **4. Вариативті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таңдаусағаты**<br>**«Ертегілер әлемі»**<br>**Тақырыбы:** Қожанасыр хикаялары. | **Тақырыбы: Өз мінез құлқымызды басқарып.**<br>**Мақсаты:**<br>Дене қуаты қасиеттерін көрсету:әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, тепе-теңдік, үйлесімділік, күш, жылдамдық пен реакция. Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдануға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **құлық негіздері**<br>**Тақырыбы: Дене бітімі дегеніміз не?**<br>**Мақсаты:**<br>Адамның дене құрылысын білу.<br>Дұрыс дене бітімін сақтаудың негізгі ережелерін білу және қолдану. | **таңдау**<br>**сағаты**<br>**«Логика»**<br>**Тақырыбы:** Бірдей қуыршақтарды тап | **таңдаусағаты**<br>**«Шебер қолдар»**<br>**Тақырыбы:**<br>Қатырма қағазбен жұмыс «Қайың» |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**Гүлзарды бақылау**<br>***Мақсаты****:*<br>— Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;<br>— Гүлдер аттары мен бөліктерін есте сақтау (бұтақ, жапырақ, гүл, тамыр).<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>*- Кешкілік пе, күндіз бе,*<br>*Өсіп тұрған гүлді үзбе.*<br>*Туған жерді далаға,*<br>*Тастай алмай жүрміз бе?*<br>*Жайнап өсіп далада,*<br>*Көздің жауын ала ма?*<br>*Бірде бірін жұлғызба,*<br>*Қасындағы балаға.*<br>Тәрбиеші сұрақтары:.<br>♦ Қазір жылдың қай мезгілі? | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Ұшып кететін құстарды бақылау**<br>***Цели****: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту*;<br>— Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз***<br>Қайтқан құсты көрдің бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп.<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп.<br>Жаз қызығы өтті енді,<br>Құстар қайтып кетті енді.<br>Қол бұлғап қоштасамыз,<br>Төбеден құстар өткенде<br>**Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:**<br>Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Желді бақылау**<br>***Мақсаты****: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;*<br>— өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>***Бақылау барысы***<br>**Жұмбақ:**<br>Аяғы жоқ ұшады,<br>Аузы жоқ ән салады.<br>Кездескен жеңіл нәрсені<br>Аспанға ұшырады<br>(жел)<br>Сұрақтар:<br>♦Жел қайдан пайда болады? *(жерден қызған ауа жоғары көтеріледі, ал суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.)* | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Үйеңкі ағашын бақылау**<br>***Мақсаты****: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту*<br>*(қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал т.б.)*<br>***Бақылау барысы:***<br>***Көркем сөз***<br>*Күзде жауын. Бұлт. Тұман.*<br>*Тапталады табанға,*<br>*Судыр-судыр жапырақ.*<br>*Судыр-судыр жапырақ*<br>*Сары жапырақ жауады.*<br>*Сары құйын үйтқыған,*<br>*Өрттей сары бояуға,*<br>*Малынғандай атырап.* | **Қазан**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Жүк көліктерін бақылау**<br>***Мақсаты****: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.*<br>***Бақылау барысы***<br>Адамдарды, жүктерді суда-кемелер, жерде поездер, әуеде-ұшақтар тасиды. Ал, аулада, көшеде жиі кездесетін көліктер-машиналар.<br>Машиналар түрлеріне қарай адамдарға әртүрлі қызмет көрсетеді.<br>Адамдарды жұмыс орнына тасиды, дәрігерлерді ауруларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Күзде өсімдіктер қандай қзгерістерге ұшырайды?<br>♦ Мына гүлзардан не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Гүлзарда өсетін гүлдер қалай аталады?<br>♦ Гүлдер көктемде қайта өсуі үшін не істеу керек?<br>♦ Гүлдің өсуіне нелер көмектеседі?<br>♦ Гүлдерді жұлуға бола ма?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Гүлдерді салыстыру (гүлдер дің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай).<br>**Еңбек** Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу<br>*Мақсаты: піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету.*<br>**Қ/О:** «Құстар қалай ұшады?»**.**<br>*Мақсаты: белгілі бағытқа жүгіруге жаттықтыру*<br>**Жаттығу ойындары** Доппен жаттығу<br>*Мақсаты: допты лақтыруға, қағып алуға жаттықтыру*<br>***Тыйым сөздер: Гүлді үзбе, көк шөпті баспа.*** | азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады)<br>Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді)<br>Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер қурайды, дәндер мен тұқымдар азаяды)<br>Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен коректенетін құстар, сонан соң дәнмен, тұқыммен, астықпен коректенетін құстар ұшып кетеді)<br>Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды)<br>Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, каздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады)<br>**Еңбек:**<br>Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау<br>*Мақсаты:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу*<br>**Қ/О:** «Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүгіру техникасын меңгерту*<br>**Жаттығу ойындары** | ♦Күшіне қарай желдің қандай түрлері болады?*(күшті және әлсіз)*<br>♦Күшті желдер қалай аталады? *(дауыл, құйын.)*<br>♦Бүгін жел бар ма? Ол күші бойынша қандай?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компастың немесе флюгердің көмегімен желдің бағытын анықтау (флюгер қай жақка бұрылды-жел сол жақтан)<br>Желдің күшін қалай анықтауға болады? (секундамермен және қағазбен.*)*<br>Желдің қай жақтан соғып тұрғанын қалай анықтайды? *(компас көмегімен-солтүстіктен болса-суық жел, оңтүстіктен болса жылы жел.)*<br>**Еңбек** Аланды тазалау<br>*Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>**Қ/О:** «Жел».<br>*Мақсаты:- табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту,* тәрбиеші командасын мұқият тыңдауға үйрету<br>**Жаттығу ойындары:**<br>Доппен жаттығу<br>*Мақсаты: допты жоғары лақтыру, жерге соғу, екі қолмен қағып алуды жалғастыру* | *Балаларға сұрақтар:*<br>♦ Үйеңкі ағашының жапырақтары мен бұталары қандай?<br>♦ Үйеңкі ағашы қай жерлерде жиі өседі?*(өзен жағалауында.)*<br>♦ үйеңкі ағашының қандай түрлерін білесіңдер?*( қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал).*<br>♦ Үйеңкі ағашы адамдарға не береді? *(бұтақтарынан себет (корзина) тоқиды)*<br>***Зерттеу жұмысы***<br>*Үйеңкі ағашының жапырақтарын басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру. Айырмашылығы қандай?*<br>**Еңбек:** Бұйымдар жасауға жапырақ жинау.<br>*Мақсаты:еңбек ету іскерліктері мен дағдыларын дамытуды жалғастыру*<br>**Қимылды ойын**<br>«Аңшылар мен аңдар».<br>*Мақсаты:*<br>*— әртүрлі кедергілерден өтіп жүгіруге*<br>*— eптіліктерін дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Секіргіш жіппен секіру.<br>*Мақсаты:екі аяқпен бірдей секіруге жаттықтыру.*<br>***Мақал-мәтел: Бір тал кесссең, он тал ек.*** | жеткізеді, өртсөндірушіні өрт болған жерге апарады, әртүрлі жүктерді тиісті жеріне апарады, көшеге су себеді, сыпырады, қар тасиды. Олар адамдардың бірінші көмекшісі.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>- Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦ Адамдар жүк көліктерін не үшін пайдаланады? *(әртүрлі жүктерді тасу үшін.)*<br>♦ Жүк тиейтін машиналар қандай көлік түрлеріне жатады? *(жүк таситын көліктерге).*<br>♦ Жүк таситын басқа қандай көлік түрлерін білесіңдер? *(жүк таситын ұшақтар, тікұшақтар, поездар,кемелер.)*<br>♦ Машиналар бағдаршамның қай түсі жанғанда жүреді? *(жасыл.)*<br>♦ Машинаны жүргізетін мамандықтағы адамды кім деп атайды? *(жүргізуші, шофер)*<br>♦ Бағдаршамның неше түсі бар? *(Үш: қызыл, сары, жасыл.)*<br>♦ Адамдар бағдаршам жоқ жерден қалай өтеді?<br>**Еңбек**<br>Түскен жапырақтарды жинау.<br>*Мақсаты:*<br>*-Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге баулу;* ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру<br>*Мақсаты:қозғалыс белсенділіктерін дамыту* | | | «Тоқта--жүгір».<br>*Мақсаты:*<br>*— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;*<br>*—ептіліктерін дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары: Бөрене үстімен жүру.**<br>*Мақсаты:тепе-теңдікті сақтай отырып, жүру техникасын жақсарту.*<br>***Мақал-мәтел: «Бастаған істі тастама»*** |


| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру<br>*Мақсаты:қозғалыс белсенділіктерін дамыту* | | | «Тоқта--жүгір».<br>*Мақсаты:*<br>*— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;*<br>*—ептіліктерін дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары: Бөрене үстімен жүру.**<br>*Мақсаты:тепе-теңдікті сақтай отырып, жүру техникасын жақсарту.*<br>***Мақал-мәтел: «Бастаған істі тастама»*** |


| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйге қайтару.** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану.<br>Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тексерілген күні : 4. 10. 2021

Тексерілді ш.о әдіскері: ________________ Тусупова К.С

Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі: Актанова К.М

**Мектепалды даярлық 0 «Б» сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(11.10-15.10.2021 ж)**
***Ай тақырыбы:*** **«Менің отбасым»**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру*** | | | | | |
| ***Күн тәртібінің мазмұны Білім салалары*** | **11.10.2021 жыл Дүйсенбі** | **12.10.2021 жыл Сейсенбі** | **13.10.2021 жыл Сәрсенбі** | **14.10.2021 жыл Бейсенбі** | **15.10.2021 жыл Жұма** |
| | «Қатынас»<br>«Денсаулық»<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет***<br>***«Ертегілер әлемі»*** | «Таным»<br>«Әлеумет»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Әлеумет »<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет***<br>***«Логика»*** | «Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Вариативтік компонет***<br>***«Шебер қолдар»*** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. | **Құрылыс ойындары**<br>«Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». | **Фотосуреттер қарастыру «Мен үйдемін»**<br>Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау. | **Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері».**<br>Көшедемін фотосуреттерді қарастыру.<br>Жақындары туралы әңгімелеп беру . | **Үстел үсті ойыны – пазлы:**<br>**«Өө үйім құрастыр»**<br>Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері Жаттығу** | **«Шапалақ, сәлем!»**<br>Шеңберге мен шақырамын,<br>Мейіріммен бас қосуға.<br>«Өзін-өзі тану» пәні<br>Көмектесер достасуға. | **«Ақ тілек»**<br>Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | **«Дос»**<br>Досың сені қалдырмайды қиынға,<br>Сұрамайды сенен артық бұйым да.<br>Нағыз дос деп осыны айт,<br>Көңілдердің хошын айт! | «Амансың ба, алтын күн!»<br>Амансың ба, алтын күн!<br>Амансың ба көк аспан!<br>Амансың ба достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам | Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Ұл қолында ту жүрсін.<br>Қыз қолында гүл жүрсін,<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін. |
| **Вариативтік** | ***Вариативтік*** | | | ***Вариативтік*** | ***Вариативтік компонет*** |

| компонент | *компонет «Ертегілер әлемі»* | | | *компонет «Логика»* | *«Шебер қолдар»* |
|---|---|---|---|---|---|
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Мектеп кітапханасында**<br>**Тт дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау,өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысу. Жазуға қолдарын жаттықтыру, Т әрпінің баспа түрімен танысып жазу.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу<br>**Дағды**: ұсынылған үлгілер негізінде жазуға дағдыландыру.<br>**Әдіс-тәсілдер**:<br>**Ресурстар**: | **1.ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы: Сурет салып үйренемін . «Нешеу?» және «Реті бойынша нешінші?» екенін анықтаймын. Менің оқу құралдарым. 11-ден 20-ға дейінгі сандар**<br>**ҰОҚ мақсаты:** 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау.<br>**Күтілетін нәтиже :**<br>Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттайды<br>**Дағды**: қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлай алу арқылы карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттай алады.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ресурстар**: | **1. Сауат ашунегіздері**<br>**Тақырыбы:Менің отбасым.**<br>**У у дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сұраққа жауап бере отырып, У дыбысы және әрпімен<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Сөз/сөйлем сызбасын оқу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ресурстар**: | **1. Орыс тілі**<br>**Тема: Школьный рюкзачок.**<br>**Волшебный цвет.**<br>**Цели:** Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. Использовать в речи новые слова по лексическим темам.<br>**Ожидаемые результаты**:<br>Произносить и различать звуки в словах и фразах.<br>**Методы**:<br>Поверхностные упражнение « »<br>**Ресурсы :** | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Мектепте не үйренемін?**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту.<br>**Күтілетін нәтиже :**<br>Эмоциялық күйді анықтау және беру,өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру, оның қалай әрекет ететінін алдын ала сезу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

| 1 үзіліс | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Тақырыбы: «Жақсы, жаман»**<br>***Мақсаты:*** Балаларға жақсымен жаман қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.<br>**Үтік** - жақсы өйткені онымен киімдерді өтектейді,ал жаман қолымызды кидіріп алсақ.<br>**Қайшы**- жақсы онымен әр түрлі заттарды қияды,жаман дұрыс қолданбасан қолынды көзінді жарақаттап аласың.<br>**Сіріңке** -жақсы онымен от жағамыз,ал жаман өрт шығуы мүмкін .<br>**Пышақ**-жақсы онымен әр түрлі заттарды тураймыз,ал жаман абай болмасақ қолымызды кесіп аламыз.<br>**Шеге**-жақсы екі затты біріктіреді ,шеге жаман абай болмасаң денені жарақаттайды.<br>**Ине**-жақсы онымен киім тігеді ,жаман қолымызға кіріп кетсе.<br> | ***Сюжеттік ойын: «Абай бол!»***<br>***Мақсаты:*** Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау ,балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.<br>1.Бағдаршамның неше түсі бар?Үш<br>2.Қай түс жанғанда машиналар жүреді?жасыл<br>3.Көлік күтетін жерді қалай атайды?аялдама<br>4.Көшеде қалай жүру керек?абайлап оңға солға қарап.<br>5.Көшеде тағы не істеуге болмайды?көшеде танымайтын адаммен сөйлесуге болмайды,қолынан заттарды алуға болмайды,пакет жәшік жатса барып ашуға немесе алуға болмайды үшінде жарылғыш заттар болуы мүмкін.<br> | ***Сюжеттік ойын:***<br>**«Болады,болмайды»**<br>***Мақсаты:***<br>Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру,қауіпті заттармен,қауіпсіздік жағдайларымен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету.<br>1.Өрт болғанда 01 нөміріне қоңырау салуға?-болады.(жасыл)<br>2.Жанып тұрған сіріңкені тастауға ?-болмайды(қызыл)<br>3.Өрт шыққан жерде қалуға?-болмайды.(қызыл)<br>4.Өрт кезінде шкаф үшіне тығылуға ?болмайды(қызыл)<br>-неге?<br>-өрт сөндірушілер тауып алмайды.<br>5.Бос шәйнекті тоққа қосуға ?-болмайды.(қызыл)<br>6.Ауырғанда емделуге кез келген дәріні ішуге ?болмайды(қызыл)<br>7.Көршілерден көмек сұрауға ?болады(жасыл)<br>**1 өрт сөндірушілер:**<br>Өрт ережелерін қатаң сақтандар! | **Сюжеттік ойын:**<br>**«Дымбілмеске көмек»**<br>**Мақсаты:**<br>**Үйдегі ережелер:**<br>1.Тамақ ішкенде сөйлеуге болмайды,қақалып қаласың.<br>2.Биік орындыққа ,шкафқа ,терезенің үстіне шығуға болмайды,құлап қаласын.<br>3.Есікпен ойнауға болмайды,қолынды қысып аласын.<br>4.Қайшыны ұқыпты пайдалану<br>5.Розеткаға әр түрлі заттарды тығуға болмайды.<br>6.Танымайтын адамға есік ашпау<br>7.Үйде жүгіруге болмайды.<br> | ***Сюжеттік ойын: «Қауіпті және қауіпсіз заттар»***<br>***Мақсаты:***<br>Қауіпті заттарды қауіпсіз заттардан ажыратып қою. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | |  | | |

| 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Әдемі жүріп үйренеміз.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау<br>Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсетуге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже**: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**Кері байланыс:**<br>***«Шынығу» әдіс***<br>**Рефлексия:** | **2.Өзін – өзі тану** | **2. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Мектеп ауласында.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Айтылған ойдың мәнін ашу үшін интонацияны сақтау, тілдесудің вербальды емес құралдарын қолдану.<br>Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау.<br>**Күтілетін нәтиже**: сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді, мағынасы бойынша жақын қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолданады.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: | **2. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: Мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді білу және оларды сақтау.<br>**Күтілетін нәтиже**: Отбасындағы өзара тату қарым-қатынастың маңызын түсініп, отбасы мүшелерімен бірлесе жұмыс жасай алады.<br>**Әдіс-тәсілдері:** білу, түсіну.<br>**Дағды:** | **2. Музыка**<br>**Тақырыбы: Біздің мектеп.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Музыкалық мамандықтарды (орындаушы, әнші, соннет, оркестр, дирижер) ажырату.<br>Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже**: Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ, фортепиано, скрипка, флейта), сондай-ақ балаларға арналған музыка аспаптарын (сылдырмақ, барабан, металлофон,ксилофон,ұшбырыш, маракас) ажырату.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *2 үзіліс* | | | | | |
| **Жүгіруге арналған ойындар «Жүк көлігі»** | | | | | |
| **3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Мектебім – отбасым** (сюжетті)<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерінің пішінін, пропорцияларын, түсін есепке ала отырып, кеңістіктік арақатысын бейнелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салады.<br>**Әдіс-тәсілдері:** | **3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>**Қарасаң көзің тоймайды, Қыз Жібек қандай тамаша! (Дымков ойыншықтарының үлгісі бойынша)**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Әлем халықтарының ұлттық ойыншықтары мысалында затқа қарап, елестетіп және ойдан құрастырып жапсырып мәнерленген образды сәндеу әдістерін пайдалану (рельеф, илеу, кескішпен ойып алу немесе қырып із салу).<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Затқа қарап және елестету арқылы, таныс заттарды, түрлі пішіндегі, көлемдегі жеміс- жидек, жануар, құстардың модельдерін қарапайым | **3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы: Әдемі көбелек.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Шаблон/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алу.<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**«Мен қандаймын»**<br>**Ресурстар:**<br>**Кері байланыс: «Көңілді смайликтер»** | **3. Музыка**<br>**Тақырыбы: Біздің мектеп.**<br>**ҰОҚ мақсаты**:<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Музыкалық шығарманың сипатын ажырата алады. (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы).<br>**Дағды**:<br>**Әдіс-тәсілдер**:<br>**«Білу керек» әдісі**<br>**Ресурстар:** | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**Өсімдіктердің қандай түрлерін білесің?**<br>**ҰОҚ мақсаты**:<br>Өсімдіктерді ағаштар, бұталар, шөптер тобына ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары **«Жағымды сөздер»**<br>**Кері байланыс:** |
| *3 үзіліс*<br>**Секіруге арналған ойындар «Су мен от»** | | | | | |
| **4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **4. Вариативті** | **4. Дене** | **4. Дене шынықтыру** | **4. Вариативті** | **4. Вариативті таңдау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Сюжеттік - рөлді ойын:*** <br>**«Көше»** <br>***Мақсаты:***Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету. <br>***Жағдаят:*** <br>**Бағдарламалық мазмұны:** <br>1.Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. <br>2.Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету. <br>**Атрибуттар:** түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы. Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар. <br> | ***Саусақ ойындары*** <br>**Ойын:« Су толтыру»** <br>***Мақсаты:*** Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. <br>**Керекті құралдар:**шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. <br>**Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады. <br> <br> <br>**Тіл дамыту жаттығуы** | ***Саусақ ойыны:*** **«Не өзгерді?»** <br>***Мақсаты:*** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. <br>**Көнекіліктер:** Жеміс пен көкөністің мульяжы. <br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады. <br> <br> <br>**Тіл дамыту жаттығуы** | **Психологиялық ойын:** <br>**Ойын: «Атомдар мен молекулалар»** <br>**Мақсаты:** Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыныздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген. <br>***Ойын шарты:*** <br>«Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады». <br> | **Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары** <br>**Ойын:** ***«Дыбыстарды анықта» жаттығуы*** <br>***Мақсаты:*** Балалардың фонетикалық дыбыстарды меңгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. <br>***Ойын шарты:*** <br>Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады. <br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | | | | | |
| **3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **3.Сурет салу**<br>**Тақырыбы : Біздi зымырандар күтуде** (сюжеттi)<br>**ҰОҚ  мақсаты:** Суреттегi бейненiң көңiл күйiн беру үшiн қағаз ренi мен түс үйлесiмдiлiгiн таңдау. Қылқаламды бiр бағытта, солдан оңға, жоғарыдан төменге, қиғаш жүргiзу арқылы суреттi бояу. Сурет сюжетiне, композициясына, өлшемiне, түсiне қарай қажеттi көркем материал мен құралдарды таңдау.<br>**Күтiлетiн нәтиже:** Сурет сюжетiне, композициясына, өлшемiне, түсiне қарай қажеттi көркем материал мен құралдарды таңдау.<br>**Әдiс-тәсiлдерi:**<br>**Керi байланыс:** | **3. Мүсiндеу**<br>**Тақырыбы: Сандықты аш, бiлiмнен шашу шаш.Сандықты безендiр (ою өнерi)**<br><br>**ҰОҚ  мақсаты:** Әлем халықтарының ұлттық ойыншықтарымыс алында затқа қарап, елестетiп және ойдан  құрастырып жапсырып мәнерленген образды сәндеу  әдiстерiн пайдалану (рельеф, илеу, кескiшпен ойып алу немесе қырып iз салу).<br>**Күтiлетiн нәтиже**: Мүсiндеуге арналған материалдарды үнемдi пайдалану.<br>**Әдiс-тәсiлдер:**<br> **«Ертегi терапиясы»**<br>**Ресурстар:** | **3. Жапсыру.**<br>**Тақырыбы: Басқұрды безендiремiз.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қазақстан халықтарының сәндiк-қолданбалы өнерiнiң желiсiмен, өрнектердi симметриялы, ырғақпен, пiшiндер мен ою элементтерiн кезектестiре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерiнiң кеңiстiктiк қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пiшiндер, өсiмдiк элементтерi негiзiнде өрнектерден жапсырулар құрастыру.<br>**Күтiлетiн нәтиже**: Орталықты, бұрыштарды, әшекейлеу үшiн екiге бүктелген қағаздан, қатпарлап бүктелген қағаздан қол ұстасуды, шеңбер айнала ән айтқан адам бейнелерiн, шiлтер үлгiлерiн, қар ұшқындарын, гүлдер, т.б. қию.<br>**Ойлау деңгейi**: бiлу, түсiну, қолдану. | **3.Музыка**<br>**Тақырыбы: Астанаға саяхат.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қарапайым әуендердi, таныс әндердi сүйемелдеумен аспапта, есту қабiлетiне сүйенiп ән салуға,таныс би элементтерi мен қимылдары негiзiнде, би қимылдарын ойдан шығарып орындаға үйрету. | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Жансыз табиғаттың пайдасы қандай?**<br>**Мақсаты:** Күнделiктi өмiрдегi жансыз табиғат денелерi мен заттарының қолданылу аясын атай алады. |
| ***3 үзiлiс*** | | | | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>

**Аз қимылды ойын:«Кім алысқа»**

**Мақсаты :** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

**Ойын шарты:** Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.








</td>
<td>

***Қимылды ойын:*«Сақинаны лақтыр»**

**Мақсаты** : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе –теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу.

**Ойынның шарты :**
Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.



</td>
<td>

**Сюжетті-рөлді ойын: « Құрылысшы »**

**Мақсаты:** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.

**Тәрбиешінің іс-әректі:** Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.



</td>
<td>

***Қимылды ,еңбек ойын:***
**«Ойын алаңын тазалау »**

**Мақсаты:** Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.

**Құралдар:** Сыпыртқы, күрек, қап;

**Ойын шарты:** Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді.

Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты

**Жаттату:**
Қандай қызық қыс деген,<br>
Бәрін шебер істеген.<br>
Бақша, бауды, тауды да<br>
Бояған аппақ түспенен.







</td>
<td>

***Қимылды ойын:***
**«Күн мен жаңбыр»**

**Мақсаты:** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру.

**Ойынның шарты:**
Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады.



</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | |  |
| **4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **4. Вариативті таңдау сағаты**<br>**«Ертегілер әлемі»**<br>**Тақырыбы: Түлкі, қойшы, аю.** | **4. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы: Ат жарысы**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру<br>Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау<br>Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындауға үйрету.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **4. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Ат жарысы .**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру<br>Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтау.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау<br>Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындауға үйрету.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **4. Вариативті таңдау сағаты**<br>**«Логика»**<br>**Тақырыбы: Қайысы артық?** | **4. Вариативті таңдау сағаты**<br>**«Шебер қолдар»**<br>**Тақырыбы: Дәнді дақылмен жұмыс «Машина»** |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Бақылау: Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Бақылау: Қардың түсуін бақылау**<br>**Мақсаты***:* | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты** *:* | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Бақылау:**<br>**Аула тазалаушы еңбегін бақылау**<br>**Мақсаты***:* | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №9**<br>**Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты***:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | — Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;<br>— Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Торғайларды қорға**.<br>Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды,<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.<br>♦ Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар)<br>♦Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? *(қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)*<br>♦Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? *(торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер)*<br>♦Торғайлар қыста немен қоректенеді? *(дәндермен, қалдықтармен.)*<br>♦Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? *(қыста құстарға азық* | *- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;*<br>— *Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;*<br>— *әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев**<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін.<br>Басуға да қимайсың.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.**<br>♦ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?<br>♦ Аяқ астында қар неге сықырлайды?<br>♦ Қар неге ұлпа болады?<br>♦ Айналаға қарандаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br>**Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>***Мақсаты:*** *бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту* | — ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>— ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы**<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ карын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>♦ Күзде қандай болды?<br>♦ Қазіргі бейнесі қандай?<br>♦ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>*Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Секіру<br>*Мақсаты:орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру*<br>***Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады,*** | — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;<br>— Сөздік қорларын байыту;<br>— Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;<br>— Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?<br>♦ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?<br>♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?<br>♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?<br>**Еңбек**<br>Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>***Мақсаты:***<br>—бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>—еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Екі аяз»<br>***Мақсаты:*** *жүкіруге жаттықтыру*;<br>— Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау<br>**Жаттығу ойындары** | — Ағаштар туралы білімдерін бекіту;<br>— Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>Көк қарағай, қарағай,<br>Мейірбанды анадай,<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған<br>♦ Ағаштар не үшін керек?<br>♦ Ол адамға не береді?<br>♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?<br>♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?<br>♦ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады?<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.)*<br>♦Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. *(өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады)*<br>♦Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? *(себебі адамдар жанында азық көп болады)*<br>Торғай, торғай, торғайсың,<br>Жақын келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тере ғойғ<br>Сонда суыққа тоңбайсың.<br>**Еңбек қызметі**<br>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.<br>***Мақсаты:*** еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**Қимылды ойын** «Нысанаға тигіз».<br>***Мақсаты:*** *қшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту<br>Қарды алыс нысанаға лақтыру<br>***Мақсаты:****қозғалыс координациясын дамыту.* | **Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>***Мақсаты:*** тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту**.**<br>***Мақсаты:*** Қарды алысқа лақтыруға үйрету.<br>***Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.*** | ***тұман түссе күн жылынады.*** | Шаңғымен жүру.<br>***Мақсаты :*** шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. | айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптеріне қар үю.<br>*Мақсаты:* ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойын**<br>«Аулада қандай ағаштар өседі?».<br>*Мақсаты:*<br>— Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау;<br>— Сөздік қорларын байыту;<br>— Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі<br>Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. |
| | | | | | |

| Балаларды үйге қайтару. | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тексерілген күні : 17.01.2022

Тексерілді ш.о әдіскері: ___________________ Тусупова К.С

Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі: Актанова К.М

**Мектепалды даярлық 0 «Б» сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(27.01-31.01.2021 ж)**
***Ай тақырыбы: «Табиғат әлемі»***

| ***Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру*** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Күн тәртібінің мазмұны Білім салалары*** | ***Дүйсенбі 24.01*** | ***Сейсенбі 25.01*** | ***Сәрсенбі 26.01*** | ***Бейсенбі 27.01*** | ***Жұма 28.01*** |
| | «Қатынас»<br>«Денсаулық»<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет***<br>***«Ертегілер әлемі»*** | «Таным»<br>«Әлеумет»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Әлеумет »<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Вариативтік компонет***<br>***«Логика»*** | «Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Вариативтік компонет***<br>***«Шебер қолдар»*** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Үстел үсті театры:**<br>«Менің сүйкті жануарларым» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | **Сюжетті-рөлдік ойын:**<br>«Зообақ»;<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | **Ойын – жаттығу:**<br>«Қуыршықты серуенге шығарамыз»;<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | **Ойын** «Кімнің үйі?» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | **Сюжеттік ойыншықтармен ойындар,**<br>ертегі оқып беру;<br>үстел үсті театры және т.б. |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері Жаттығу** | **«Аспан»**<br>Асапан ашық,көгілдір,<br>Күн шуағын төгіп тұр!<br>Қол ұстасқан біздерді,<br>Терезeмнен көріп тұр | **«Ақ тілек»**<br>Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі – Ақ тілек! | **«Сиқырлы таяқша»**<br>Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!<br>Мен бәріңе Мейірім тілеймін!<br>Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!<br>Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! | **«Қыс»**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Суық өтер қолғаптан. | **«Шана»**<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт, сарт, сарт<br>Алақанды соғамыз.<br>Тоңса біздің аяғымыз<br>Етік киіп аламыз.<br>Топ, топ, топ<br>Топылдатып билейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мен бәріңе Денсаулық тілеймін! | | Тоңса біздің денеміз<br>Тонды киіп аламыз<br>Зу, зу, зу<br>Шанаменен зулаймыз |
| **Вариативтік компонент** | ***Вариативтік компонет «Ертегілер әлемі»*** | | | ***Вариативтік компонет «Логика»*** | ***Вариативтік компонет «Шебер қолдар»*** |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Шөл дала мен сулы жер.Өө дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау<br>Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз, тыңдаңызшы! және т.б.) қолдану. | **1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: Астанаға саяхат жасаймыз. Фигураларды таңдаймын және құрастырамын.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Үлгі бойынша геометриялық фигураларды құрастыру. Объектілерді бірден бірнеше белгісіне сүйене отырып, үлгі бойынша таңдай алу. Фигураларды (шаршы, тіктөртбұрыш) екі қасиеті бойынша жіктеу. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Біз көне заттар музейіндеміз. Зз дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.<br>Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: Моя одежда. Обувь и головные уборы.**<br>**Цели:** Произносить и различать звуки в словах и фразах.<br>Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их.<br>Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Автобуста**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Шағын мәтіндер, әңгімелердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру Өзінің эмоциялық жағдайын сөзбен жеткізу<br>Әңгіменің мазмұнын иллюстрация, әңгіменің кіріспесі бойынша болжау |

***1 үзіліс***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қимылды ойын:**<br>**« Күн мен түн »**<br>**Мақсаты:** Балалардыептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>**Ойын мазмұны:**<br>Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. | **Қимылды ойын:« Көгі-гөк »**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Ойын мазмұны:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап:<br>Гөк, гөк, көги көк,<br>Гөк, гөк, көги гөк. | **Қимылды ойын:**<br>**« Аққу-қаздар »**<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы | **Қимылды ойын:**<br>**« Шарлармен алмасу »**<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>**Ойын мазмұны:**<br>Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады ( біреуі оңға, біреуі солға ұсынады ). | **Қимылды ойын:**<br>**« Кішкене өзен арқылы »**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу<br>**Ойынның шарты:**<br>Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Аланда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. | Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға<br>беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады.<br>Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді.<br>« Кемпір»<br>Әлгің қайда?<br>Қалды сайда!-деп сұрайды.<br>Балалар бәрі бірдей.<br>Әлгің қайда?-<br>Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді. | қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді.<br>**Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап,<br>Барасыңдар қай жаққа.<br>Қаздар: Айна көлі жалтылдап,<br>Жатқан жасыл аймаққа.<br>Бақташы: Біздің жерге түсе кет,<br>Түсіп сусын іше кет.<br>Қаздар: Сіздің жерге түсеміз<br>Түсіп сусын ішеміз.<br>Бақташы: Болсын онда жол жайлы!<br>Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды,<br>Жолды тосып тұр сұр қасқыр.<br>Бақташы: Олай болса, қалаған,<br>Жақтарыңа бар аман.<br>Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады. | Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады.<br>Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады | Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі. |

**2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Батырлар**<br>**Мақсаты:** Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау<br>Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция | **2.Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы: Мен елгезек баламын.**<br>**Мақсаты:** | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Алматыға саяхат**<br>**Мақсаты:**<br>Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау<br>Берілген тақырып аясында диалогке қатысу<br>Қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда әдептілік сөздерін қолдана білу | **2. Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Мен тұратын көше және үй.**<br>**Мақсаты:**<br>Жұмыс алгоритіміне сәйкес құрастыра отыра, өз ойы бойынша түрлі материалдардан құрастырып шығуға бейімдеу. | **2.Музыка**<br>**Тақырыбы: Қызықты жорық**<br>**Мақсаты:**<br>Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қаты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақты суреттерді ойнау. |

*2 үзіліс*

**Жүгіруге арналған ойындар «Қайда жасырылғанын тап», «Мысықтар мен балалар»**

**Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:**

Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

**Шалқан:** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: **«О...о...о!»** деп таң қалды. Кәне, бізде айтып



**Жыланның ысылы:** Жылан қалай дыбыстайды?

Ы......Ыс – с – сссс










**Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»**

**Мақсаты:**

Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу

**Ойының шарты:** Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады,тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» ,деген де балалар жалаушаны іздейді.Тапқан бала жалаушаны тығады.Ойын 2-3 рет қайталанады.

**Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»**

**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке,алғырлыққа тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.

Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.

Ойын 2-3 рет қайталанады.



**3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Шөл даламен керуен келеді** (сюжетті)<br>**Мақсаты:** | **3.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: Қыдырымпаз мысық (қазақтың «Адам итпен және мысықпен** | **3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы: Желкенді кеме**<br>**Мақсаты:** Елестету арқылы геометриялық пішіндер негізінде бірнеше | **3.Музыка**<br>**Тақырыбы: Қызықты жорық**<br>**Мақсаты:** | **3.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Су мен ауаның қандай қасиетін білесің?**<br>**Мақсаты:** Су мен ауаның қасиеттерін сипаттауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шамасы әртүрлі біртектес заттардың, бөлшектердің суретін салып, оларды суретте симметриялы орналастыру.<br>Қылқаламды бір бағытта, солдан оңға, жоғарыдан төменге, қиғаш жүргізу арқылы суретті бояу. | **қалай достасты» ертегісінің желісімен, қамырмен жұмыс істеу)**<br>**Мақсаты:**<br>Кейіпкерлерге тән бөліктерді (мұрын, ауыз, көз, құлақ, аяқ, қанат) пропорцияны сақтай отырып, қарапайым әдістерді (жұмырлау, жаю, жалпайту, кескіш көмегімен ойып алу, т.б.) қолданып мүсіндеу, жұмыстың конструктивті және пластикалық техникаларын үйлестіріп, бөліктерді біріктіру.<br>Өткір және кескіш құралдармен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын және еңбек гигиенасын сақтау. | бөліктен тұратын заттардың жапсырмасын құрастыру, бөлшектерді жапсыру біріздiлігін дұрыс қолдана отырып, тұтас ойыншық бейнелерін жасау немесе қисық жыртып алынған қағаздан жұмсақ ойыншық бейнелерін құрастыру.<br>Орталықты, бұрыштарды, әшекейлеу үшін екіге бүктелген<br>қағаздан, қатпарлап бүктелген қағаздан қол ұстасуды, шеңбер<br>айнала ән айтқан адам бейнелерін, шілтер үлгілерін, қар ұшқындарын, гүлдер, т.б. кию. | Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қаты, ақырын), тембріне қарап ажырату.<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.<br>Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында (дыбыс жоғарылығы айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақты суреттерді ойнау. | |

***3 үзіліс***

**Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:**<br>Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту<br>**1.Т: Күй сандықты ашайық**<br>Б до- до- до<br>Т: тілдерін біз бастайық<br>Б: ре - ре - ре<br>Т: бас дыбысты бастайық<br>Б: ми - ми - ми<br>Г Жайлап әнге салайық<br>Б: до - до - до<br>2. Шалқып шығар сонда күй<br>Б: фа - фа - фа<br>Т: Бәрі до - дан басталар<br>Б: до- до -до |  | **Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»**<br>**Ойынның мақсаты:** Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету.<br>**Мазмұны:** Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі.<br>Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, паралелль сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.<br>Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.<br>Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді.<br>Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады.<br>Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.<br>**Ойынның ережесі** |

| | | |
|---|---|---|
| Т: До -ны қоштар басқалар<br>Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до<br> |  | 1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.<br>2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықьтықтар сақталуы керек.<br>3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс.<br>Әдістемелік нұсқаулар.<br>Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің ,қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді. |

**4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Вариативті таңдау сағаты «Ертегілер әлемі» Тақырыбы: «Жеті лақ» кейіпкерлендіру.** | **4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Даңқы асқақ тұлғалар .**<br>**Мақсаты:**<br>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындай алады.<br>Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтай алады. | **4. Қауіпсіз мінез – құлық негіздері**<br>**Тақырыбы: Қауіпсіздік мектебі.Мен үйдемін 1-бөлім.**<br>**Мақсаты:**<br>Үйдегі қауіпсіздік ережесін сақтаудың қарапайым ережелерін білу.<br>Полиция және жедел жәрдем қызметінің телефон нөмірін атау. | **4.Вариативті таңдау сағаты «Логика»**<br>**Тақырыбы: Біртекті жануарларды сана.** | **4.Вариативті таңдау сағаты «Шебер қолдар»**<br>**Тақырыбы: Дәнді дақылмен жұмыс «Киіз үй»** |

***4 үзіліс***
**Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойындары**

<table>
<tr>
<td colspan="2">Артикулляциялық тіл жаттығулары<br>Тілге арналған:<br>Суретті тіл ұстарту<br>Ша – ша – ша<br>Айшаның шанасы тама (ша)<br>Са – са – са<br>Қасқыр соқты Мұ (са)<br>Ол – ол – ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра – ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Са (ра)<br>Із – із – із<br>Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу – жу – жу<br>Ыдысты тазалап (жу)<br><br>«Ат шауып келеді»<br>«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әрдыбысқа керекті жаттығулар алынады<br><br>«Грибок» «Саңырауқұлақ»<br>«Саңырауқұлақ» -ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.</td>
<td colspan="2">Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Мен қайда отырамын...»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Қажетті заттар: жұп суреттер, не балалардың жеке заттары<br>Ойын барысы: аталмыш ойынды ұйымдастырылған оқу қызметінің алдында балаларды отырғызу үшін де пайдалануға болады. Барлық бала ортаға шығады. Үстел үстінде суреттер топтамасы жатады. Педагог әр балаға қай жерге отыру керектігі жөнінде нұсқау береді. Бала болса қолындағы суретпен салыстыра отырып, нұсқаудың дұрыстығын тексереді. Мысалы, Айгүл, есік алдындағы, терезенің сол жағындағы үстелге келіп, оң жағына отыр. Марат, педагог үстелі мен шкаф ортасында тұрған үстелге келіп, сол жағына отыр, т.с.с.</td>
<td colspan="2">Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Кеме»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Қажетті заттар: орындықтар, жануарлар суреттері, ойыншық жануарлар.<br>Ойын барысы: бөлменің бір жағына 3-4 қатарға үш-үштен бір-бірінен бірдей қашықтықта орындықтар орналастырылады. Орындықтар теңіздегі «аралдар». Ал әр бала кезекпен кезек «кеме» болады. Әр «аралда» түрлі суреттер жасырылған (ойыншық жануар не түрлі жануарлардың суреттері). Кеме болған бала қай жануарға баратынын айтады. Педагог болса ол жануардың қай аралда жасырынып тұрғаны жөнінде бағдар береді. Бала болса педагог бағдарлаған «аралды» тауып, педагогтың жауабының дұрыстығына көз жеткізуі керек.<br>1 нұсқа: педагог тапсырманы ретімен береді. Берілген нұсқау барысында баланың тұрған нүктесі ескеріледі. Мысалы: алдағы екі аралдан жүріп өт, енді солға бұрылып, тағы бір аралдан өт, оңға бұрылып тағы бір аралдан өт те, атаған жануарыңды ізде.<br>2 нұсқа: педагог қажет «аралдың» орынын өзге аралдармен бағыттай отырып айтады. Мысалы, бұл «арал» көк түсті, ол сол жақта орналасқан, оның алдында ақ түсті «арал» бар.<br>3 нұсқа: педагог балаға «аралдың» орналасқан жерінің сызбасын бере отырып, сызба бойынша балаға қажетті «аралды» көрсетеді. Бала өзіне қажетті «аралды» сызбаға қарай отырып дұрыс табуы қажет. Мысылы, сызбада (3х3) қажетті «арал» оң жақта, жоғарыда орналасқан., т.с.с.</td>
</tr>
<tr>
<td>Серуенге дайындық</td>
<td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td>
<td>Жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу.</td>
<td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td>
<td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td>
<td>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</td>
</tr>
<tr>
<td>«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»</td>
<td>Қаңтар<br>Серуен-Бақылау №10<br>Бақылау:<br>Қара қарғаны бақылау<br>— Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау;<br>— Басқа құстардан айырмашылығын табу.</td>
<td>Қаңтар<br>Серуен-Бақылау №11<br>Бақылау:<br>Желді бақылау<br>Мақсаты:<br>— өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>— табиғат құбылыстарына деген</td>
<td>Қаңтар<br>Серуен-Бақылау №12<br>Бақылау:<br>Көпшілік көліктерін бақылау<br>Мақсаты: — көпшілік көліктері туралы білімдерін</td>
<td>Қаңтар<br>Серуен-Бақылау №13<br>Бақылау:<br>Суықторғайды бақылау<br>Мақсаты:<br>— Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру;<br>— Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру.</td>
<td>Қаңтар<br>Серуен-Бақылау №14<br>Бақылау:<br>Боранды күнді бақылау<br>Мақсаты: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақ жасырады:<br>Жерді тырнап, бұтаны ырғап,<br>Шөпті сипап, ұшады зырлап,</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Құстар қыста тоңады**<br>Ө. Ақыпбеков<br>**Мақсаты:**<br>Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып.<br>Қалатындай қайта ұшпай,<br>Ұя тапса шаттанып.<br>Жем іздейді байғұстар,<br>Қардың астын ақтарып.<br>Балаларға сұрақтар:<br>* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).<br>* Қарғаның түсі қандай?<br>* Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар?<br>* Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді.<br>**Еңбек** Аланды қардан тазалау. | қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компас пен, зырылдауықпен)<br>♦ Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде- жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>*Мақсаты:* бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>***Мақсаты:***<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру; | тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу;<br>—үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балалармен әңгімелесу өткізу.**<br>♦ сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦ Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *( аялдама.)*<br>♦ Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? *(Маршруттар, таксилер.)*<br>♦ Автобусқа қай есіктен міну керек? *(алдыңғы)*<br>♦ Қай есіктен шығу керек?? *(артқы)*<br>♦ Автобустың қай жағынан айналып өту керек? *(арт жағынан)*<br>♦ Неге? *(жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)*<br>♦ Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа қарт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?<br>♦ Жолдан қалай өту керек? *(асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа,* | **Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз А. Меңдібай**<br>Қарағай мен шыршаның<br>Суықтан дені тоңып тұр.<br>Бұл не ғажап қарасаң,<br>Қайыңда алма өсіп тұр!<br>Жақын келіп қарасам,<br>Көзіме өзім сенбедім-<br>Алқызыл болып көрінген,<br>Әнші құсы орманның<br>Суық торғай сен бе едің?<br>**Тәрбиеші жұмбақ жасырады:**<br>Айналаны қар басса да,<br>Суықтан еш тоңбайды.<br>Құс екенін бұл қандай,<br>Қане, кім болжайды?<br>Кеудесі қызыл әсем-ақ,<br>♦ Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл)<br>♦ Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде)<br>♦ Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде)<br>♦ Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? (мамыр айында)<br>♦ Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұяң, мұңды)<br>♦ Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай)<br>♦ Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар?<br>**Еңбек** | Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран)<br>**Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды**<br>Ақ көрпесін жапты да,<br>Аяз кенет аптыға,<br>Айналаны үрледі,<br>Ақ бораны гуледі.<br><br>Ақ боран-ау, ақ боран,<br>Алай-түлей соқ боран.<br>Ақ қар ұшып үйрілсін,<br>Ауламызға үйілсін.<br><br>Жас ұланмын шыныққан,<br>Жасқанбаймын суықтан.<br>Қардан жасап аққала,<br>Сырғанаймын шаттана.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>*Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)<br>*Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)<br>*Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)<br>*Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу.<br>**Еңбек** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Мақсаты:*** *ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу*<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге».<br>***Мақсаты:*** *жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары** Шаңғымен жүруге жаттықтыру<br>***Мақсаты:*** *күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту.* | — Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>— «Ағаш суретін сал».<br>***Мақсаты:****қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.*<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>***Мақсаты:***<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | *сонан соң оң жаққа қарау керек)*<br>♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)*<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу.<br>***Мақсаты:****еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу.*<br>**Қимылды ойын** «Жүргізушілер және жаяулар».<br>— ***Мақсаты:*** *Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу*<br>**Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту.<br>***Мақсаты:*** *20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту..* | Ойын алаңын қардан тазалау.<br>***Мақсаты:*** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Қимылды ойын** «Ұшты-ұшты».<br>***Мақсаты:***аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу<br>**Жаттығу ойындары** «Қапшықтағы жемді жеткіз».<br>***Мақсаты:*** тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br>***Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.*** | Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.<br>***Мақсаты:***Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Желдиірмен».<br>***Мақсаты*:** ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.<br>**Жаттығу ойындары** Қимылдарды дамыту.<br>***Мақсаты:*** *секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).* |
| **Балаларды үйге қайтару.** | | | | | |

| Балаларды үйге қайтару. | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес*** - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніcіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес*** Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тексерілген күні : 27.01.2022

Тексерілді ш.о әдіскері: ______________ Тусупова К.С

Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі: Актанова К.М

**Мектепалды даярлық 0 «Б» сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(31.01 - 04.02.2022 ж)**
***Ай тақырыбы: «Табиғат әлемі»***

| ***Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру*** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Күн тәртібінің мазмұны Білім салалары*** | ***Дүйсенбі 31.01*** | ***Сейсенбі 01.02*** | ***Сәрсенбі 02.02*** | ***Бейсенбі 03.02*** | ***Жұма 04.02*** |
| | «Қатынас»<br>«Денсаулық»<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет «Ертегілер әлемі»*** | «Таным»<br>«Әлеумет»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Әлеумет »<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет «Логика»*** | «Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Вариативтік компонет «Шебер қолдар»*** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Шығармашылық ойыны:**<br>Фотосуреттер қарастыру «Құстар – біздің досымыз». Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру. | **Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ.**<br>Бірім, екім,<br>Алма текім.<br>Сапар айым,<br>Сар шымшық.<br>Балтаңды ал да,<br>Жүгіріп шық. | **Саусақ ойыны :**<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | **Саусақ ойыны :**<br>**«Құстар-біздің досымыз »**<br>Балалармен құстар туралы әңгімелесу. | **Үстел үсті ойыны** :<br>«Құстарға үйшік құрастыр»<br>Балалармен құстар туралы әңгімелесу. |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Шаттық шеңбері Жаттығу** | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>Мына аспан астында<br>Жақсы дос көп табылар<br>Мен де соның бірімін,<br>Сыйлығымды ал! | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап, бір жүрер<br>Достарым көп, білемін! | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>Сиқырлы айнадан,<br>Өзімді көрермін.<br>Бақыттан жайнаған.<br>Көзімді көремін. | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>Шақырамын сендерді,<br>Жолдастарым кел бері.<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>Көңілденіп күленіп,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Бәрін біліп алатын,<br>Мен ақылды баламын. |
| **Вариативтік компонент** | ***Вариативтік компонет «Ертегілер әлемі»*** | | | ***Вариативтік компонет «Логика»*** | ***Вариативтік компонет «Шебер қолдар»*** |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Біз көне заттар музейіндеміз.**<br>**Зз дыбысы мен әрпі.**<br>**Мақсаты:** | **1.Қарапайым математика ұғымдары**<br>**Тақырыбы: Велосипед тебеміз. Фигураларды таңдаймын және құрастырамын.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Анамыздың әлдиі.**<br>**Әә дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: Что интересного я узнал?**<br>**Цели:**<br>Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Гастрольдік сапарға шығу**<br>**Мақсаты:**<br>Түрлі эмоция мен сезімді білдіру үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.<br>Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.<br>. | **Мақсаты:**<br>Объектілерді бірден бірнеше белгісіне сүйене отырып, үлгі бойынша таңдай алу.<br>Фигураларды (шаршы, тіктөртбұрыш) екі қасиеті бойынша жіктеу. | көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу.<br>Жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, торкөз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу. | указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами.<br>Внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, используя образец, мимику, жесты. | дауыс күшінің түрлі дәрежесін қолдану.<br>Ым-ишара, дауыс ырғағы, ойын атрибуттарын қолданып таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау. |

***1 үзіліс***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Билайн бірлестігі»** ***(қайталау)***<br>**Мақсаты:** Балаларды өздері рөлдерді бөлініп, рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Ойында әлеуметтік шындықты, қоғамдық жерлерде мәдениеттілікті, ұжымдық әдепті, сөйлеу әдебін көрсету, топтық жұмысқа еніп, өзіне керекті жақтарды таба біліп, тапсырмаларды орындау сапасын бағалауға үйретіп, бірлестік дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жағдаят:**<br>Байланыс операторының жұмысы;<br>Телефондар және басқа да байланыс құралдарын сату менеджерінің жұмысы;<br>Жөндеу шеберханасы;<br>Қызметті төлеу;<br>Анықтама қызметі<br>Келушілерді шақырудың электрондық жүйесі.<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:**<br>Келуші ролінде сюжетті ұйымдастыруға көмектеседі, телефондарды қайда | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Жылжымалы мүлік агенттігі»** ***(қайталау)***<br>**Мақсаты:** Ойында бірнеше іс-әрекетті логикалық байланыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, өздері рөлдерге бөлініп сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін әлуметтік,ортадағы белсенділіктерін кеңейту ,жылжымалы мүлік агентігі туралы білімдерін бекіту,ересектер тарапынан болатын әр-түрлі ұстанымдар мүмкіндігін көрсету.<br>**Жағдаят:** Жарнамамен таныстыру ;<br>Жылжымалы мүлікті таңдау;Жылжымалы мүліктін орналасу жерін талқылау ;Безендіру мен жоспарлаудың ерекшелігіне тоқталуКелісім сөзді хаттау ;Сатып алымға ақша төлеу Құжаттарды хаттау .<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** Сатып алушы рөлінде менеджермен сөйлесу үлгісін көрсетеді :<br>Пәтерде неше бөлме болу керек,қандай қабатта , қай | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Химиялық тазалау»** ***(қайталау)***<br>**Мақсаты:** Рөлді сапалы орындаудың ортақ іс-әрекетін қалыптастыру. Керек жағдайда ауыстыру заттарын қолдана білуге. Ойынның қызмет көрсету ортасын көрсете білу , химиялық тазалау бөлімінің жұмыскерлері жайында білімдерін толықтырып.Ойлау қабілетімен сөйлеу тілін дамыту.<br>**Жағдаят:** Тапсырыс алу;<br>Тапсырысты хаттау;Тапсырысқа төлеу ;<br>Киімді тазалау;<br>Жана тазарту құралдарын табу үшін зерртхананы қолдану;Тапсырысты орындау;Тапсырысты жеткізу.<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:**<br>Химиялық тазарту дирекроры рөлінде жұмысшыларды басқарады , әдеп ережелерін ескеріп ,келушілер ыңғайын жасайды:олар үшін орындықтар мен үстелдер қояды,үстелге журналдар қояды .жұмысшыларға түстік үзілісті ескертіп ,асханаға тамақтануға шақырады. | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Сақтау қызметі»** ***(қайталау)***<br>**Мақсаты :** Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .<br>**Жағдаят:** Дабыл бойынша шақыру;<br>Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;<br>Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;<br>Жазғырылғандарды құтқару<br>Алғашы медециналық көмек көрсету ;<br>Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Мұражай»** ***(қайталау)***<br>**Мақсаты :** Балаларды өз бетерінше рөлдерге бөлініп әрекет ету әдетін қалыптастыру.Ойында қоғамдық өмірдің көріністерін, мәдениеті ортада ұстамдылықты көрсете білу ,бір-біріне мейрімен қарауға үйретіп . Ойын барысында әңгімелесіп,сұрақ қоя білуге ,өз іс-әрекетерін көрсете білуге үйрету.<br>**Жағдаят:** Мұражайға баруға дайындалу ;<br>Жол сілтемелерді қарау;<br>Мұражайды таңдау;<br>Экспозицияларды хаттау;<br>Топ жорық ;<br>Жаңалау шеберханасы.<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:**<br>Мұражай директоры рөлінде мұражай мен жұмыскерлерді басқарады.<br>**Балалардың іс-әректі:** Кассир билетерді сатады жолсілтемелерді үлестіреді ,<br>Мұражай жұмыскерлері экспонатарды таңдап паспортар жасайды , экспозицияны хаттайды ю |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жөндеуге болатынын сұрайды, ақшаны шотқа қалай салатынын, қызметті қайда төлеуге болатынын, жаңа телефондарды қашан сталымға түсетінін сұрайды және т.б.<br>Келушілерді шақырудың электрондық жүйесін ұйымдстыруға көмектеседі.<br>**Балалардың іс-әрекеті:**<br>Анықтамалық қызметі телефондарды, сатып алу бөлімдерін жарнамалайды, жарнамалық проспектілерді үлестіріп, журналдарды карауға кеңес береді.<br>Қызмет көрсету персоналы телефондарды ұсынып, бағасын, нөмірін айтады, телефонды тіркеп, паспортын береді, телефон шотына ақша салуға ұсынады, телефонды қолдануға үйретеді. Клиент телефонды таңдап, шотына ақша салады.<br>Кассир ақашаны қабылдайды.<br>Жөндеушілер телефонды алып, қарастырып, сынығын анқытап, жөндеп, тапсырыстың орындалу уақытын айтады.<br> | ауданда , қаланың картасынан көрсетуді сұрайды.<br>**Балалардың іс-әрекеті:** Агенства менеджері келушілерді жарнамамен таныстырады ,сатып алуға мүмкіндіктері бар сатылымен таныстырады,Сатып алушылар үй мен пәтерлер фотосуретерін қарап ,қайда орналасқанын балабақша,аялдама жақынба екенің қарайды.<br>Агентер жылыжымалы мүлікті тіркейді (үй, пәтер, жеңіл көлік.)<br>Салық инспекторы жылыжымалы мүлікке салықты анықтайды,<br>Нотариус сатып алымды растайды.<br><br><br> | **Балалардың іс-әрекеті:**<br>Клиенттер кір киімдерді әкеледі, қабылдаушыға тапсырып ,ақша төлейді, Квитанцияны алады таза киімдерін алған соң алғыс білдіреді , Қабылдаушы кір киімдерді қабылдап , квитанция жазып кір жуушыға береді, тапсырысты телефон бойынша қабылдап,жүргізушілерді мекен жай бойынша жібереді.Кір жуушы кірді жуады.<br>Лаборант киімдерді қарап дақты тауып,жуу үшін ұнтақты қолданады .Оператор киімдерді алып тазартады тапсырыс берушіге қайтарады. Жеткізу қызметі киімдерді мекен жайларға жеткізеді,жүргізушілер жуылған заттрды бала бақша т.б. жерлерге жеткізеді .<br><br><br><br> | иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады .<br>**Балалардың іс-әрекеті:** Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінін жұмыс атқаратынын қадағалайды<br>ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да карамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .<br>Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді<br>Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді.<br>Өрт сөндіруші<br> | Суретшілер мұражайдын ашылу жарнамасын жасап,<br>Өндеушілер ескі экспонатарды жөндейді<br>Топ жорықшы мұражай бойынша келушілерді сүймелдеп экспонатар жайында әңгімелейді<br>Келушілер билеттер сатып алып,бағдарламамен танысып ,экспонатарды қарап сұрақ<br>Дүнгіршек жұмысшысы фотосуреттер,открыткалармен өнер альбомдарын сатады .Жүргізушілер экспонатарды әеліп ,көлікті қадағалайды.<br><br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  | | |  | |

| |
|---|
| **2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Мерген**<br>**Мақсаты:** Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру<br>Гимнастикалық орындық пен еңіс тақтайдың бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтай алады. | **2.Өзін – өзі тану**<br>**Тақырыбы:Бірлігіміз жарасқан.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Жолда абайла**<br>**Мақсаты:**<br>Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру арқылы қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда әдептілік сөздерін қолдана біледі. | **2. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: Туған өлкемнің табиғаты.**<br>**Мақсаты:**<br>Өз өңірінің климаты мен табиғатын сипаттау<br>Өз өңірін сурет/сызбада бейнелеу. | **2. Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>**Бағдаршам бағыт береді.**<br>**Мақсаты:**<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырыпсалу. |

| |
|---|
| ***2 үзіліс*** |
| **Жүгіруге арналған ойындар «Өзіңе жұп тап», «Ұшатын құстар »** |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Ойын: «Ұшатын құстар»<br>Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету, және қырағылыққа тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдай білуге үйрету.<br>Ойынның шарты: Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Тәрбиеші құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіп алаңда құстар ұшады. Тәрбиеші дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабырғадағы сатыларға шығып алады, ал тәрбиеші дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады. Ойын 3-4 рет қайталанады.</td>
<td colspan="2"><br></td>
<td colspan="2">Ойын: «Өзіңе жұп тап»<br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір -бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, «Өзіңе жұп тап»- деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: «Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой». Содан кейін белгі бойынша баолығы алңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады.<br>Ұсыныс: ойында тақ сан ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>3. Сурет салу<br>Тақырыбы: Менің сүйікті қалам/ауылым(ұжымдық жұмыс)<br>Мақсаты:<br>Заттардың және зат бөлшектерінің пішінін, пропорцияларын, түсін есепке ала отырып, кеңістіктік арақатысын бейнелеуге үйрету.<br>Саусақтарға күш түсірмей, қарындашпен, түсті бормен сурет салу, қарындашты (борды) көлбеу ұстау, бір бағытта жеңіл қимылдармен, штрихтарды</td>
<td>3.Мүсіндеу<br>Тақырыбы: Ауылым менің жайлауда.<br>Мақсаты:<br>Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар мен сюжеттік композициялар жасау (мысалы, ертегі, әңгіме, балаларға арналған халық әндері, санамақ, мазақтамалар, аңыздар желісімен).<br>Жұмыс барысында жұмыс орнын,</td>
<td>3.Жапсыру<br>Тақырыбы: Менің төрт аяқты достарым<br>Мақсаты: Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция<br>жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып орналастыру.<br>Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.</td>
<td>3.Музыка<br>Тақырыбы: Бағдаршам бағыт береді.<br>Мақсаты:<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен және</td>
<td>3. Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Табиғат құбылыстарының ерекшелігі неде?<br>Мақсаты:<br>Табиғат құбылыстарын сипаттау (жел, тұман, найзағай, жаңбыр және т.б.)</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>біркалыпты, сурет сызығынан сыртқа шығармай салу.</td><td>құралдарын ретке келтіру.</td><td></td><td>балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырыпсалу.</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="6">3 үзіліс<br>Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» (қайталау)</td></tr>
<tr><td colspan="2">Артикулыциялық жаттығулар(қайталау)<br>«Терезе»-балаға аузын кең ашып «Ыстық» деп айтуын сұраңыз, ал сосын еріндерін кішкені жауып «суық» деп айтқызыңыз.<br>«Окошко» - попросите ребенка широко открыв рот сказать: «жааааркo», а затем, максимально сжав губы сказать: «хоооолодно».<br><br>2. «Пілдің тұмсығы» - еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады<br>«Хобот слона» - вытянув вперёд губы трубочкой, образовать "хобот слоника", "набирать водичку.<br></td><td colspan="2"><br></td><td colspan="2">Ойын: «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?» (қайталау)<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: ойыншықтар немесе суреттері.<br>Ойын барысы: педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдыңда қуыршақ, оң жағында машина, сол жағыңда доп, артыңда зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»</td></tr>
<tr><td colspan="6">4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі</td></tr>
<tr><td></td><td>4. Вариативті таңдау сағаты<br>«Ертегілер әлемі»<br>Тақырыбы : Қу түлкі</td><td>4. Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:Мерген<br>Мақсаты:<br>Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру<br>Гимнастикалық орындық пен еңіс тақтайдың</td><td>4.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері<br>Тақырыбы: Қауіпсіздік мектебі.Мен үйдемін 2-бөлім.<br>Мақсаты:<br>Үйдегі қауіпсіздік ережесін сақтаудың қарапайым ережелерін білу.<br>Полиция және жедел жәрдем қызметінің телефон нөмірін атау.</td><td>4. Вариативті таңдау сағат<br>«Логика»<br>Тақырыбы: Қайсысы қайда мекендейді?</td><td>4. Вариативті таңдау сағат<br>«Шебер қолдар»<br>Тақырыбы: Дәнді дақылмен жұмыс «Кішкентай кеме»</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтай алады. | | | |
| ***4 үзіліс***<br>**Қозғалыс барысында кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру ойын: «Қайда барып, нені таптың»** ***(қайталау)*** | | | | | |
| **Тіл гимнастикасы**<br>**«Тізімізді тазалаймыз»** - Бала, ерінің күлген секілді жасап, тілімен төменгі тістерінің ішкі жағынан, сосын үстіңгі тістерін тазалағандай қимылдар жасату.<br>**«Чистим, зубки»** - улыбнуться, открыть рот. Кончиком языка с внутренней стороны "почистить" поочередно нижние и верхние зубы<br><br>**«Сағат»** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.<br>**«Часики» -** улыбнуться, открыть рот, кончик языка (как часовую стрелку) переводить из одного уголка рта в другой.<br> | | **Ойын: «Қайда барып, нені таптың»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту<br>**Жасы:** 5-6 жас аралығы<br>**Қажетті заттар:** ойыншықтар, сөрелер<br>**Ойын барысы:** ойынды бастамас бұрын барлық балалар ойыншықтар қойылған сөрелердің алдына жайғасады. Санамақ арқылы бір бала таңдалынады, ол жасырылған ойыншықты табуы керек. Таңдалынған бала балаларға қарап тұрған кезде педагог бір ойыншықты жасырады да, балаға ойыншықты табуы үшін нұсқау береді. Мысалы, 2 қадам алға, 3 қадам солға, 1 қадам алға, төменгі сөреден тауып ал.<br>Ойын осылайша жалғаса береді, кейін нұсқауды дұрыс орындаған бала жүргізуші болады. | |  | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №15**<br>**Бақылау: «Қардағы құс іздері»**<br>**Мақсаты**:*қардағы құс іздерін тани білуге үйрету* . | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №16**<br>**Бақылау: Жеңіл көліктерді бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>автомобильдер туралы | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Бақылау: Күн мен түн неге ауысады?** | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №18**<br>**Бақылау: Ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты:** *ағаштар туралы білімдері* | **Қаңтар**<br>**Серуен-Бақылау №19**<br>**Бақылау: Қарғаларды бақылау**<br>**Мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Бақылау барысы**<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>**Еңбек**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>*Мақсаты:*<br>— Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>— Жұмысты жоспарлау.<br>**Қимылды ойын**<br>«Ізбе із».<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>*Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.* | білімдерін *бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев**<br>**Бұзба көше тәртібін,**<br>**Ұрынасың апатқа.**<br>**Қызықты өтсін әр күнің,**<br>**Жақын болма шатаққа.**<br>**Көшеден өтер кезінде,**<br>**Абайлап қара жан-жаққа,**<br>**Келе жатқан көлікке,**<br>**Жол бер, өтсін, асықпа!**<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br>♦ Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br>♦ Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)*<br>♦ Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)*<br>♦ Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)*<br>♦ Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі* | **Мақсаты***:*Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.<br>**Бақылау барысы**<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)*<br>♦ Күн неге батады? *(жер күнді айналады, соныұтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару. | *кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>**Бақылау барысы**<br>Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру. Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу.<br>Әңгімелесу:<br>*Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)<br>*Ағаштар неге қыста өспейді?<br>*Ағаш тамырлары қалай қыстайды?<br>*Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?<br>*Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)<br>Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.<br>**Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев**<br>Жауған күні қар алғаш,<br>Ағаштарды аядым.<br>«Тоңбасын»- деп бұл ағаш,<br>Орап қойдым аяғын.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>♦ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)<br>**Зеттеу жұмысы**<br>Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, | -қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру.<br>-қарғалардың тіршілігін бақылау<br>-құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>Қара түсті қарқылдақ,<br>Ұшып, қонып жалпылдап.<br>Қоқыстарды шоқиды,<br>Жем іздейді там-тұмдап. (қарға)<br>*Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған.*<br><br>**Көркем сөз «Қарға» С.Сейфуллин**<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Көзден жасы сорғалар.<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Қар үстінде жем көрсе,<br>Боран соқса қор болар,<br>Қапелімде қолға алар.<br>Бұтаға келіп қорғалар.<br>Екі шоқып, бір қарар,<br>Қысып кетсе сары аяз, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Халық болжамы:***<br>****Қар көп болса, нан мол болады.***<br>****Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.***<br>****Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.***<br>***Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.*** | *болады, ауаға ащы түтін шығарады)*<br>♦ Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? *(Жүк машиналары)*<br>♦ Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?<br>♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?<br>**Еңбек**<br>Ауланы бірлесе отырып тазалау.<br>*Мақсаты :*<br>— бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу;<br>— жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>«Бағдаршам».<br>*Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Ұзындыққа секіру .<br>*Мақсаты:*<br>— Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету. | *Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Жердің күнді айналуы».<br>*Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту<br>«Шығырыққа лақтыру».<br>*Мақсаты:мергендіктерін дамыту.*<br>***Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.*** | жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. .<br>**Еңбек**<br>Жауған қарды ағаш түбіне үю.<br>*Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Кім ағашқа бұрын жетеді?».<br>*Мақсаты:ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.*<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап».<br>*Мақсаты:*<br>— Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;<br>Затты сипаттау бойынша табу. | Деп «жолымды» оңғарар.<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру<br>**Еңбек**<br>Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу.<br>*Мақсаты:* бірлесе еңбек етуге баулу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Пингвиндер доп ойнап жүр».<br>*Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.* |
| **Балаларды үйге қайтару** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйреніcіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді.<br>Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тексерілген күні : 31.01.2022

Тексерілді ш.о әдіскері: _________________ Тусупова К.С

Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі: Актанова К.М

**Мектепалды даярлық 0 «Б» сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(14.02-18.02.2022 ж)**
***Ай тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем»***

| ***Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру*** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Күн тәртібінің мазмұны Білім салалары*** | ***Дүйсенбі 14.02*** | ***Сейсенбі 15.02*** | ***Сәрсенбі 16.02*** | ***Бейсенбі 17.02*** | ***Жұма 18.02*** |
| | «Қатынас»<br>«Денсаулық»<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет «Ертегілер әлемі»*** | «Таным»<br>«Әлеумет»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Әлеумет»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Вариативтік компонет «Логика»*** | «Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Вариативтік компонет «Шебер қолдар»*** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Сөйлеп тұрған таңғы радио:**<br>«Бізді қоршаған әлем жайлы әңгімелесу»<br>Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету. | **Үстел үсті театр ойыны:**<br>«Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | **Ойын– жаттығу:**<br>«Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгіңмелесу, сұрақ жауап<br>**Ойын:«Жер шары»**<br>Фотосуреттер қарау.<br>Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю. | **« Сәлем жаңа күн»**<br>**Д/ойын :** «Жанды және жансыз табиғатты ажырат».<br>Жер,су,ауа.<br>**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>Балықтарға жем шашу | **«Табиғат мінезі»**<br>**Сюжеттік ойындар:**<br>**«Сиқырлы фломастер»** еркін сурет салу.<br>**Не артық?**<br>**Мақсаты:** Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**«Табиғат мінезі»** жаттығуы<br>**Еңбек тапсырмасы:**<br>Кезекшілікті ұйымдастыру |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Шаттық шеңбері Жаттығу** | **Жылулық сәті:**<br>Апам мені «Айым»-дейді,<br>Мен мұнайсам,уайым жейді.<br>Апам мені «Күнім»-дейді,<br>Мен қуансам күлім - дейді. | **Жылулық сәті:**<br>Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | **Жылулық сәті:**<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | **Жылулық сәті:**<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | **Жылулық сәті:**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер. |

| **Вариативтік компонент** | ***Вариативтік компонент «Ертегілер әлемі»*** | | | ***Вариативтік компонент «Логика»*** | ***Вариативтік компонент «Шебер қолдар»*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Жұмбақ айта білеміз.**<br>**Жж дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты**: Сөйлем мен сөзді біледі нақты . Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау,тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу<br>**Әдіс-тәсілдер**:түсіндіру,ойлау, біріктіру.<br>**Ресурстар**: **Ж ж** дыбысыны байланысты суреттер,жазу элементтері. | **1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**Тақырыбы: Менің анам. Заттар тобын салыстырамын.**<br>**( =, >, <) белгілері.**<br>**Менің достарым.**<br>**Мақсаты:**<br>Белгілерді тану ( =, >, <). | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Жұмбақ айта білеміз.**<br>**Жж дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты**: Сөйлем мен сөзді біледі нақты . Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау,тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару.<br>**Күтілетін нәтиже**: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**Кері байланыс:** | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: Путешествие по карте Казахстана. Мы едем, едем, едем…**<br>**Цели:** Произносить и различать звуки в словах и фразах. Внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение действий).<br>**Ожидаемые результаты**: Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры.<br>**Методы**: Поверхностные упражнение « »<br>**Ресурсы :** | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Мақтақыз бен мысық.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту.<br>Ым-ишара, дауыс ырғағы, ойын атрибуттарын қолданып таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** |
| ***1 үзіліс*** | | | | | |
| **Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**<br>***«Лақтыр да,қағып ал»*** | | | | | |
| **Суретті тіл ұстарту:**<br>**Ша – ша – ша**<br>Айшаның шанасы **тама (ша)**<br>**Са – са – са**<br>Қасқыр соқты **Мұ (са)**<br>**Ол – ол – ол**<br>Ағашта лимон **м(ол)**<br>**Ра – ра – ра**<br>Дүкеннен нан алды **Са (ра)** | |  | | **Ойын: *«Лақтыр да,қағып ал»***<br>**Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады.Тәрбиешінің «баста»,- деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Із – із – із**<br>Тамаққа қосты **сәб(із)**<br>**Жу – жу – жу**<br>Ыдысты тазалап **(жу)** | |  | | алады,соны санайды. | |
| **2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Аңшылар**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындай алады.<br>Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру<br>Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдана біледі.<br>Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтай алады.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Кеңістікте, уақытта бағдарлануды, орындық\бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе теңдікті сақтау ептілігін дамыту.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, қолдану.<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>Түрлі қозғалмалы ойын түрлері<br>**Кері байланыс:** | **2.Өзін – өзі тану**<br>**Тақырыбы: Мен жақсы баламын.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Өмірге келдім.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда әдептілік сөздерін қолдана білу,тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары<br>**«Бағдаршам»**<br>*(Топтық,жұптық,жеке*) жұмыстарын түрлі ойын арқылы тапсырмалар беру.<br>Саралау, бақылау жұмыстары.<br>Кері байланыс, рефлексия: | **2. Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Киіз үйді қалай безендіремін?**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдану.<br>Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.<br>Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру. | **2. Музыка**<br>**Тақырыбы: Туған жерім – тұғырым.**<br>**ҰОҚ мақсаты**: Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Музыкаға косылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>**Әдіс-тәсілдер**:<br>**«Білу керек» әдісі**<br>**Ресурстар:** |
| ***2 үзіліс*** | | | | | |
| **Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»** | | | | | |

| Тілді жаттықтыратын тақпақ | | Ойын: «Айдаһардың құйрығы» |
| --- | --- | --- |
| Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>**Біз, біз, біз!**<br>Апа, апа бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Әке, әке бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Қарындасым бұл сен бе?<br>**Иә, иә, иә!**<br>Біздер тату жан ұя<br>**Иә, иә, иә!** | <br> | **Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.<br>**Ойынның шарты:** Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.<br>**Ұсыныс**: Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады. |

## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | **3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Киіз үй–жайлы қоныс** (сәндік)<br>**ҰОҚ мақсаты:** Түрлі сызықтар көмегімен қарапайым сәндік өрнектерін және қазақ өрнектерінің түрлерін салу. Өткір құралдармен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау, жеке бас гигиенасының ережелерін орындау.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Жіңішке сызықтарды сызғанда қылқаламды қағазға көлбеу нүктелерді салғанда тік ұстау.<br>**Әдіс-тәсілдері: «Ойлап тап!»**<br>**Кері байланыс:** | **3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: Торсық – қымыз құятын ыдыс (сазбалшықпен жұмыс)**<br>**Мақсаты:**<br>Пластикалық, конструктивтік және мүсіндеу техникаларын қолданып, түрлі пішіндегі кескіштерді пайдалана отырып, Қазақстанның және әлемнің халық кәсіпшілігі негізінде ойыншықтар, ыдыс-аяқ жасау.<br>Өткір және кескіш | **3.Жапсыру**<br>**Тақырыбы: Тақияны безендіреміз.**<br>**Мақсаты:**<br>Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы, ырғақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру. | **3. Музыка**<br>**Тақырыбы: Туған жерім – тұғырым.**<br>**ҰОҚ мақсаты**:<br>Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай алады.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>**Әдіс-тәсілдер**:<br>**«Білу керек» әдісі**<br>**Ресурстар:** | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Әр жыл мезгілінде қандай өзгерістер болады?**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Маусымдық өзгерістердің жанды табиғатқа тигізер ықпалын анықтау<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну<br>**Әдіс-тәсілдер**: Ширату жаттығулары **«Өзгеріп қара...»**<br>**Кері байланыс:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құралдармен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын және еңбек гигиенасын сақтауға қалыптастыру. | | | |

***3 үзіліс***

**Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа »ойыны.**

***«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»***

**Мақсаты:**Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,қатты,жұмсақ,ериді,буға айналады.

**Көрнекіліктер:**қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

**Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.








***Ойын: «Жер,су,ауа»***

**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:**асық

**Шарты:**балалар дөңгелеіп отырады.Бір бала ортаға шығып балалардыі кез келгінене асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады.Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу.Біл бала отатаға шығып,балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібреді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады.Егер бала жер десе,асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды,адамдарды,өсімдіктерді атайды.Ал су сөзі айтылса,балық балардың аты аталады.Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс.

Осылй ойын жалғаса береді.

**4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Вариативті таңдаусағаты «Ертегілер әлемі»**<br>**Тақырыбы: Сауысқан мен қарға.** | **4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:Аңшылар**<br>**Мақсаты:** Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру<br>Командалық ойындар | **4. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Жайлаудағы ойындар.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер<br>Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін | **4. Вариативті таңдау сағаты**<br>**«Логика»**<br>**Тақырыбы: Жәндіктер мен құстарды ата.** | **4. Вариативті таңдау сағаты**<br>**«Шебер қолдар»**<br>**Тақырыбы: Майлықпен жұмыс «Жапалақ»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | рөлдері мен тәсілдерін қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, қолдану.<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>Түрлі қозғалмалы ойын түрлері<br>**Кері байланыс:** | қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже**: Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету.<br>**Ойлау деңгейі:** білу, қолдану.<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>Түрлі қозғалмалы ойын түрлері<br>**Кері байланыс:** | | |

***4 үзіліс***

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

**«Жапалақ»**

| | | |
|---|---|---|
| **Тіл жаттығулары:**<br>***«Аударыспақ»***<br>**Мақсаты:** -әр түрлі түстерді қайталап бекіту;<br>-сөздік қорын байыту;<br>-дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту;<br>-балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету;<br>-заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау;<br>-дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;<br>-балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету;<br>-балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту;<br>-қолдың ұсақ моторикасын дамыту; |  | ***Ойын: «Жапалақ»***<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.<br>**Шарты:** «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тарап кетеді. «Жапалақ»: «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, кимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында»<br>Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.<br>«Алақай,ойын!»** | **Ақпан<br>Серуен-Бақылау №20**<br>**Бақылау: Қар ұшқындарын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>- Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;<br>-Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту..<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз<br>«Суретші қыс» К. Нүсіпов**<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық.<br>Аунап таза ақ қарға,<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазарып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет сала бастады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Жауған қар қандай?<br>♦ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? | **Ақпан<br>Серуен-Бақылау №21**<br>**Бақылау: Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>-Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту,<br>-Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады**<br>Бұл неткен күшті тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды?<br>(қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және | **Ақпан<br>Серуен-Бақылау №22**<br>**Бақылау: Қарды бақылау**<br>**Мақсаты:** Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев**<br>Қысым-ақ, қысым-ақ,<br>Жібердің қысып-ақ.<br>Қалмаспыз біз деген,<br>Боранға ұшырап.<br>Аппақ қар жауа бер,<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай көр.<br>Біз батыл баламыз,<br>Жылы үй, қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан,<br>Аққала соғамыз.<br>Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. | **Ақпан<br>Серуен-Бақылау №23**<br>**Бақылау: Желді бақылау**<br>**Мақсаты :**<br>-өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>-табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай | **Ақпан<br>Серуен-Бақылау №24**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау.**<br>**Мақсаты :**<br>-Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:**<br>1.Етек жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай.<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>2.Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын,<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Жақсылап қарандаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.<br>**Д/О: «Ұқсас өрнекті тап».**<br>Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады?<br>**Еңбек:** Қардан қамал тұрғызу<br>**Мақсаты:**<br>-Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу;<br>-Бастаған істі аяқтауға үйрету.<br>**Қимылды ойын**<br>**«Екі аяз»**<br>***Мақсаты:*** *тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу және назар аудара білу дағдыларын дамыту.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>**«Байқап өт».**<br>***Мақсаты:*** *заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.* | артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады.<br>♦ Олар неден жасалған? (темір сымдардан)<br>♦ Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті)<br>♦ Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар)<br>♦ Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады)<br>♦ Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды)<br>♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру<br>**Еңбек** Аланды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру<br>*Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету;<br>— Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Аңшылар мен аңдар»<br>*Мақсаты:*<br>— Қозғалыс дағдыларын бекіту;<br>— Батылдықтары мен | Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқаққа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦қыс айларын атаңдар?<br>♦қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦қарқатқақ қалай пайда болады?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>**Еңбек**<br>Сырғанаққа су себу<br>*Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.*<br>**Қимылды ойын** «Екі аяз».<br>*Мақсаты:* кеңістікті | анықтауғаболады?(компас пен, зырылдауықпен)<br>♦ Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау.<br>*Мақсаты: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан».<br>*Мақсаты:*<br>— Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту;<br>— Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты:* қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу<br>***Халық болжамы: Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады*** | жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады.<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>♦ Бұлттар қандай болады?<br>♦ Олар қайдан пайда болады?<br>♦ Бұлттар нелерге ұқсайды?<br>**Зерттеу жұмысы** Аспаннан атқа немесе түйеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру.<br>**Еңбек**<br>Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау..<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>**Қимылды ойын:** «Қар үстіндегі хоккей».<br>*Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>— Сырғанауға үйрету;<br>— Сырғанау кезінде отыруға үйрету.<br>***Мақал-мәтел: Мезгіл жетсе мұз ерір.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**Бақылау: Қардың еруін бақылау**<br>***Мақсаты:****табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев***<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары,<br>Бау бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>Көктемде таңертең қар бетінде | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №11**<br>**Бақылау: Табиғат өзгерістерді бақылау**<br>***Мақсаты****:*<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші:*** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №12**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы**<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.** | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №13**<br>**Бақылау: Су тамшыларын бақылау**<br>***Мақсаты****:*<br>— температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>— зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай***<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады. | **Наурыз**<br>**Серуен-Бақылау №14**<br>**Бақылау: Күнді бақылау**<br>***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.*<br>***Бақылау барысы***<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.<br>*(күн)*<br>*Алауға оранып,*<br>*Көкке өрлеп шығады.*<br>*Бір айналып оралып,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру. **Еңбек**<br>Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.<br>*Мақсаты:тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Ормандағы аюда».<br>*Мақсаты: белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.*<br>**Жаттығу ойыны**:<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>— Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау;<br>— Ептіліктерін қалыптастыру;<br>— Қозғалыс координациясын жақсарту.<br>***Халық болжамы: Қарлығаш келсе күн күркірейді.***<br>***Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады.***<br>***Мақал: Қыстың қамын жаз ойла.*** | *Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.*<br>*Жауған қарымен,*<br>*... құнар береді. (қыс)*<br>*Үлкендер қарбалас,*<br>*... дән себеді.*<br>*(көктемде)*<br>*Бақ пенен бақшаны,*<br>*... баптап өсіреді.*<br>*(жазда)*<br>*Дихандар жемісін,*<br>*... жинап береді.*<br>*(күзде)*<br>*Тәрбиеші сұрақтары:*<br>**Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?*<br>**Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>**Көктемнің алдында қай мезгіл болды?*<br>**Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?*<br>**Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады?*<br>***Зерттеу жұмысы:***<br>*Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)*<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін жерді тазалау. | ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br>**Еңбек**<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Үйсіз қоян».<br>***Мақсаты:***<br>— бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>— жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаш айту:<br>«Ала бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайыңды арал, талды арал»<br>***Жұмбақ:***<br>***Етек-жеңі жиналмай,***<br>***Дауыл тұрса дым қалмай,***<br>***Түйдектеліп көшеді,***<br>***Тоз-тоз болып өшеді.***<br>***(бұлт)*** | Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы еріген,<br>Сай қуалай ағады.<br>**Балаларға сұрақтар**<br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? *(күн бетте)*<br>♦ Неге? *(күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)*<br>♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? *(қысқарады, аяз бен желден олар сынады)*<br>♦ Шуақты күні ше? *(өседі)*<br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? *(күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)*<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. | *Көкжиекке бұғады.*<br>*(күн)*<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен карауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)*<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*<br>**Қимылды ойын** «Күн мен түн».<br>*Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Мақсаты:* Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?».<br>*Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:** Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>*Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.* | | **Еңбек**<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын** «Аяғыңды сулама»<br>*Мақсаты:*<br>— Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүгіре білу дағдыларын бекіту. **Жаттығу ойыны.**<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты*: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.*<br>***Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.*** | *тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>*Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Сәуір болса күн күркірер,***<br>***Күн күркіресе, көк дүркірер.***<br>***Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.*** |
| **Балаларды үйге қайтару** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес*** **Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.** | ***Ата –аналарға кеңес*** **Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.** | ***Ата –аналарға кеңес*** **- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.** | ***Ата –аналарға кеңес*** **Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.** | ***Ата –аналарға кеңес*** **- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.** |

Тексерілген күні : 14.03.2022
Тексерілді ш.о әдіскері: ________________ Тусупова К.С
Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі: Актанова К.М

**Мектепалды даярлық 0 «Б» сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(31.03-01.04.2022 ж)**
***Ай тақырыбы:« Салт-дәстүр мен фольклор»***

| *Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру* | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Күн тәртібінің мазмұны*<br>*Білім салалары* | *Дүйсенбі 28.03* | *Сейсенбі 29.03* | *Сәрсенбі 30.03* | *Бейсенбі 31.03* | *Жұма 01.04* |
| | | | | «Қатынас»<br>«Әлеумет »<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Дамытушылық сипаттағы сабақ***<br>***«Логика»*** | «Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Дамытушылық сипаттағы сабақ***<br>***«Шебер қолдар»*** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау,отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | | | | **«Менің қиял әлемім»**<br>Фотосуреттер қарастыру<br>**«Жәндіктер әлемі».**<br>Фотосуретте бейнеленген жәндіктерді ата.<br>**Мақсаты:**<br>Жәндіктер, олардың сипаттық белгілері туралы білімдерін кеңейту, көбелек пен қоңыздың айырмашылығын таба білуге үйрету. | **Лабиринт үстел үсті дидактикалық ойын:**<br>**«Ормандағы жәндіктер мен қосмекенділер»**<br>**Мақсаты:**<br>Жәндіктер мен қосмекенділер туралы түсініктері қалыптасады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>аттарын (қоңыз, көбелек, шыбын) біледі, кейбір жәндіктерді (құмырсқа) естесақтайды.<br>(4К,БЛУМ,сыни ойлау) |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**Жаттығу** | | | . | **«Құмырсқа» өлеңі**<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды допты қолына,<br>Қойды допты орнына.<br>Онға, солға қарады,<br>Үлкен тау деп ойлады.<br>**Мақсаты**:Сөздердегі дауысты және кейбір | **«Армысыз!»**<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру. | Амансың ба,Көк аспан! Амансың ба,достарым! Аманбысыз,апай! |
| **Вариативтік компонент** | ***Вариативтік компонет «Ертегілер әлемі»*** | | | ***Дамытушылық сипаттағы сабақ «Логика»*** | ***Дамытушылық сипаттағы сабақ «Шебер қолдар»*** |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | | | | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: Моя любимая сказка.**<br>**Наурыз – праздник весны.**<br>**Цели:** Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. Внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, используя образец, мимику, жесты. | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Тиімді тамақтану.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Шаған мәтіндер, балалар тақпақтары және т.б. мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру<br>Жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ, ертегі, тақпақ т.б.)<br>Өзінің ұсынымдарын сурет, сызба түрінде безендіру |
| ***1 үзіліс*** | | | | | |
| **Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылын жасайық»**<br><br> | |  | | **Құрылымдалған ойын:**<br>**Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>**Шарты:** Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>**Күтілетін нәтиже:** Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау) | |

| | | |
|---|---|---|
|  |  | |

**2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **2. Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Қазақ халқының қолөнері.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Ұлттық қолданбалы өнер туралы алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу. | **2.Музыка**<br>**Тақырыбы: Наурыз – жыл басы.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>**Тыңдау:** «Қосалқа» (Дәлеткерей, өңдеген Л. Хамиди)<br>**Ән айту:** «Наурыз тойы» (О. Пелевина,Г. Құрымбаева )<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:**<br>«Сақина салу » ( ән-ойын) (өңдеген Е. Брусиловский) |

***2 үзіліс***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | **Психологиялық ойын:**<br>**Ойын: «Жунглидағы жаңбыр»** | **Аз қимылды ойын:**<br>**Ойын: «Қысқыштар»**<br>***Мақсаты:*** баланың дене |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жаттығуы.<br>***Мақсаты:*** Оқушылардың логикалық ойлауын , көру арқылы есте сақтауын , ойша жұмыс істей білуін дамыту .<br>***Ойын шарты:***<br>**Нұсқау:** - Бір - біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).<br>Жел көтеріліп желкіді ( арқаны қаттырақ басамыз).<br>Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)<br>Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)<br>Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).<br>Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).<br>Тағы да нөсер жауын жауды.<br>Ұсақ жаңбыр сіркіреді.<br>Дауыл соқты.<br>Жел соқты.<br>Жел басылып келеді. | күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі,көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі.<br>***Ойын шарты:*** Бұл ойында балаларды екі-үш командаға бөлуге болады. Тәлімгер баларға теріс қарап, 30 ға дейін санауға тапсырма береді. Балалар санап болғанша тәлімгер қысқыштарды әр түрлі жерге қыстырады (далада болса, тоғайға, есікке, т.б. Бөлмеде болса, люстраға, орамал, перде т.б.). Ең көп қысқыш тауып алған топ жеңіске жетеді. |

**3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **3.Музыка**<br>**Тақырыбы: Наурыз – жыл басы.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Музыка жанрларын | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Электр тогы не үшін керек?**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Электр тогының табиғи |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. **Тыңдау:** «Қосалқа» (Дәлеткерей, өңдеген Л. Хамиди) **Ән айту:** «Наурыз тойы» (О. Пелевина, Г. Құрымбаева ) **Музыкалық-ырғақты қозғалыс:**«Сақина салу » ( ән-ойын) (өңдеген Е. Брусиловский) | көздерін атау. |
| ***3 үзіліс*** | | | | | |
| | | | | ***Қимылды ойын:*** **«Ине мен жіп»** **Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу. **Ойын шарты:** Сендер менің артымнан бір-бірлеріңнен белдеріңнен ұстап тұрыңдар. Қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүреміз. Кім жіпті үзсе сол ойыннан шығады. **Нұсқау:** Мен ине боламын,ал сендер жіпсіңдер. | **Сюжетті-рөлді ойын:«Кітапхана»** **Мақсаты :** Ойында қоршаған орта білімін ,кітапханалардың әлуметтік орынын көрсету. Кітапхана жұмыскерлерінің жұмысын нақтылап ,ортада ұстау ережесін бекіту .Өз ойынын ,ойынымен келістіріп, ойын жүру барысында рөлдерді ауыстыру. Балалардың ойлау қабілетімен, тілін дамыту. **Ойын шарты:** Келуші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | |  | рөлінде әр түрлі тақырыптағы , әр түрлі авторлардын кітаптарына қызығушылық білдіреді;оқырман залында әр түрлі балалар жорналдарына тапсырыс, кітапханашыдан картотека қайда тұрғанын және онымен қалай қолдану керектігін сұрайды.<br> |
| **4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | | | | **4. Вариативті таңдау сағаты**<br>**«Логика»**<br>**Тақырыбы: Сипаттамаға қай зат ұқсайды?** | **4. Вариативті таңдау сағаты**<br>**«Шебер қолдар»**<br>**Тақырыбы: Тұзды қамырмен жұмыс «Мысық»** |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | | | | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №1**<br>**Бақылау: Қардың еруін бақылау**<br>***Мақсаты:****табиғаттағы өзара байланысты көре білуге үйрету.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Көктем келді» Б.Қозыкеев***<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кенелді,<br>Бүршік атып бар ағаш.<br>Келіп көктем құстары, | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №2**<br>**Бақылау: Ұшып келген құстарды бақылау**<br>***Мақсаты****: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев***<br>Ұя жасап тақтайдан, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бау бақшада ән салды.<br>Оларды жас достары,<br>Ұя жасап қарсы алды.<br>Көктемде таңертең қар бетінде мұз қақтары пайда болатыны туралы айту. Бұның себебі күн көзінің шуағынан қардың үстіңгі беті ериді де, түнгі аяздан мұз болып қатады. Бұны мұзқатқақ деп атайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Көлеңке беттегі қар үйінділері мен еріген қарды және сайдағы суды қарау. Көлеңкедегі қатқан қармен, күн беттегі қарқатқақты салыстыру. **Еңбек**<br>Тәрбиешімен бірге ауладағы сынған ағаш бұталарын шығару.<br>*Мақсаты:тек қана сынған бұталарды жинауға, аулада тазалық сақтауға үйрету.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Ормандағы аюда».<br>*Мақсаты: белгі бойынша жүкіру, қуып жету, ойын ережесін сақтау.*<br>**Жаттығу ойыны**:<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>— Допты оң және сол қолмен лақтыра білулерін тиянақтау;<br>— Ептіліктерін қалыптастыру;<br>— Қозғалыс координациясын жақсарту. | Талға апарып байладым.<br>Жыл құсының шаттанған,<br>Күттім қашан сайрауын.<br>Сол ұяны талдағы,<br>Қараторғай мекендеп,<br>Күні бойы сайрады,<br>Жылы пәтер екен деп.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер?<br>*Жыл құстары деп неге айтамыз?<br>*Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді?<br>*Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді?<br>*Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар?<br>**Дидактикалық тапсырма:** Құстарды топқа бөл.<br>**Мақсаты:** құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру.<br>**Еңбек:** Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру.*<br>**Қимылды ойын: «Ұшты ұшты»**<br>***Мақсаты:*** *зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ***Халық болжамы: Қарлығаш келсе күн күркірейді. Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады.***<br><br>***Мақал: Қыстың қамын жаз ойла.*** | *қабылдауға үйрету.*<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаштар жаттау:<br>Үйір, үйір үйректі,<br>Қаз маңғаз,<br>Үйірге кім үйретті?<br>Маңғаз қаз.<br>Үйір, үйір үйректі,<br>Әр кез маңғаз,<br>Үйірге өзім үйреттім.<br>**Қаз маңғаз.**<br>***Мақсаты:*** *сөздік қорларын байыту.*<br>***Тыйым сөздер:***<br>***Құс ұясын бұзба.***<br>***Құсқа тас атпа.***<br>***Құс жұмыртқасын сындырма.***<br>***Мақал мәтел:***<br>***Бабасы еккенді, баласы орады.***<br>***Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.***<br>***Дана көптен, дәрі шөптен*** |
| **Балаларды үйге қайтару.** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару**. | | | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді.<br>Балаңыздың көзін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тексерілген күні : 31. 03. 2022

Тексерілді ш.о әдіскері: ________________ Тусупова К.С

Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі: Актанова К.М

**Мектепалды даярлық 0 «Б» сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(04.04 - 08.04.2022 ж)**
***Ай тақырыбы: «Салт-дәстүр мен фольклор»***

| *Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру* | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Күн тәртібінің мазмұны Білім салалары* | *Дүйсенбі 04.04* | *Сейсенбі 05.04* | *Сәрсенбі 06.04* | *Бейсенбі 07.04* | *Жұма 08.04* |
| | «Қатынас»<br>«Денсаулық»<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет «Ертегілер әлемі»*** | «Таным»<br>«Әлеумет»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Әлеумет »<br>«Шығармашылық»<br>***Вариативтік компонет «Логика»*** | «Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Вариативтік компонет «Шебер қолдар»*** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Шығармашылық ойыны:**<br>Фотосуреттер қарастыру<br>***Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»***<br>Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру. | **Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ.**<br>**1.**Бірім, екім,<br>Алма текім.<br>Сапар айым,<br>Сар шымшық.<br>Балтаңды ал да,<br>Жүгіріп шық.<br>**2.**Біз санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балан үйрек жалғасы. | **Суретті жұмбақтар ойыны :**<br>Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады.<br>Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек.<br>Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. | **Саусақ ойыны :**<br>***«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»***<br>Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу. | **Үстел үсті театр ойыны** : «Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру.<br>Балалармен құстар туралы әңгімелесу. |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Шаттық шеңбері Жаттығу** | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар, | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>**«Күлімдеген күн»**<br>Күн күлімдеп нұр төкті,<br>Жақсы сөздер нұр септі,<br>Еске сақтап кеңесті,<br>Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге.. | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>**«Табиғатпен үндестік»**<br>Шеңбер бойлап жүреміз,<br>Әр гүлге көңіл бөлеміз.<br>Сұлулық пеп махаббатты<br>Сезініп өмір сүреміз. | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>***«Біз әдепті баламыз»***<br>Әдеп сақтап әманда,<br>Әрбір адал адамға.<br>Жасасаң бір қамқорлық,<br>Қайтарады саған да. | **«Психомоторлық жаттығу»**<br>Көңілденіп күленіп,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Бәрін біліп алатын,<br>Мен ақылды баламын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер. | | | | |
| **Вариативтік компонент** | ***Вариативтік компонет «Ертегілер әлемі»*** | | | ***Вариативтік компонет «Логика»*** | ***Вариативтік компонет «Шебер қолдар»*** |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Кәмпиттің сөзі. Фф дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.<br>Жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, торкөз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас нұсқаударын (ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз, тыңдаңызшы және т.б.) қолдану<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:** | **1.Қарапайым математика ұғымдары**<br>**Тақырыбы: Жемістер мен көкөністер. Көкөністер жеймін. Мысалдар шығарамын.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Кәмпиттің сөзі.**<br>**Юю дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: Мой любимый праздник**<br>**Что интересного я узнал?**<br>**Цели:** Произносить и различать звуки в словах и фразах.<br>Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков.<br>Использовать слова, обозначающие действия предметов.<br>**Ожидаемые результаты**:<br>Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры.<br>**Методы**: Поверхностные упражнение « »<br>**Ресурсы :** | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Көкөністер мен жемістер туралы ертегі**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту.<br>Өз ойын құрдастарының ортасында білдіру, басқалардың пікірін тыңдай білу.<br>Басқа кейіпкерлермен рөлдік қарым-қатынасқа түсу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Рефлексия:Көңілді смайликтер** | | | | |

*1 үзіліс*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ойын- жаттығу:**<br>**«Мөлдір су»**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**Ойын– жаттығу:**<br>«Жәндіктердің қимылын жасайық»<br>**3.«Тасбақа»**<br>Тасбақаға қарандаршы,<br>Тас жейдесін киіп ап.<br>Тауға мінді, суға жүзді,<br>Балықтарды ұстады.<br>Дәмді тағам ішіп алып,<br>Қарнын ол тойдырды.<br>Енді қайда барады,<br>Жата қалып, демалды.<br>(Саусақтарын жұдырыққа түйіп алып, тасбақаға еліктеу. Саусақтарды үстел үстінде жүргізу. Басбармақпен ортаңғы саусақтарды ұштастыру. Саусақтарды қайтадан жұдырыққа түю).<br> | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы :«Теңізшілер. Балық аулаушылар Су асты кайығы»**<br>**Мақсаты :** Оқушыларда ойында логикалық жүйелілікте бірнеше әрекеттерді қалыптастыру, ойын жағдайына кіру, ойынның сюжеті мен рөлі негізінде аяғына дейін ойнау. Балаларда жағымды қарым –қатынас дағдыларын қалыптастыру және топта мейрімді қатынасты қалыптастыру.<br>**Жағдаят:** Кеме құрылымы, теңіз асты қайығы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік іс-әрекеттерді жасау,кемені жөндеу, сүңгуірдің жұмысы,<br>Кемедегі жалаудын көтерілуі, портққа оралу.<br>Май шабақты табу.<br>Май шабақты аулау,<br>балық кетеді, кемедегі тесілген жер.<br>Жаңа зәкір суға түседі, теңізде өрт.Көмек келеді<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** Капитан рөлінде кемені жүргізеді, басқаларға команда береді, маршруттық қағаз береді, басқа | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Хайуанбақ »**<br>**Мақсаты:**<br>Ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу дағдысын қалыптастыру .<br>Хайуанбақ жұмыскерлелерінің еңбектерін ,негізгі мамандықтарды түсініп: хайуанбақ директоры , мал дәрігері ,жол сілтеуші ,асхана жұмыскерлері ,топжорықшы аңдарға қызмет етудін негізгі жұмысымен таныстыру .<br>**Жағдаят:**<br>Хауанбаққа билет алу;<br>Хайуанбақ жоспарымен танысу,жол жүру көлігін таңдау ;<br>Хауанбаққа топ жорық,<br>жануарларды тамақтандыруды қадағалау, жинастыру;Дем алыс аланы. Орман тұрғындары сырқатанып қалды . Дәрігер Айболитқа хат жолдау, дәрігер Айболтын жолындағы кедергілер , Аңлардын сауығуы.<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:**<br>Хайуанбақ директоры рөлінде аңдарға корек керектігін,қамауды жөндеп,мал дәрігерін шақыруды ескереді, Балаларға дәрі-дәрмек жинап дәрігер Айболитқа хат жазуға көмектеседі<br>**Балалардың іс-әректі:**<br>хайуанбақ бойынша топжорық жүргізіп хайуанатар жайында әңгімелейді . Күзетші қамауларды тексеріп,келушілерге аңдарға қорек беруге болмайтындығын ескереді ,хайуанбақты күзетеді Жұмыскерлер жұмыс күнінің | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Сақтау қызметі»**<br>***(қайталау)***<br>**Мақсаты :** Әлуметтік шығармашылық орта қалыптастыру ,ойынын сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .<br>**Жағдаят:** Дабыл бойынша шақыру;<br>Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;<br>Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;<br>Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ;<br>Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады .<br>**Балалардың іс-әректі:** Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінің жұмыс атқаратынын қадағалайды<br>ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .<br>Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқастын шақыру бойынша қызмет көрсетеді | ***Сюжеті-рөлдік ойын***<br>**Тақырыбы : «Мұражай»**<br>***(қайталау)***<br>**Мақсаты :** Балаларды өз бетерінше рөлдерге бөлініп әрекет ету әдетін қалыптастыру.Ойында қоғамдық өмірдің көріністерін, мәдениеті ортада ұстамдылықты көрсете білу ,бір-біріне мейрімен карауға үйретіп . Ойын барысында әңгімелесіп,сұрақ қоя білуге ,өз іс-әрекетерін көрсете білуге үйрету.<br>**Жағдаят:** Мұражайға баруға дайындалу ;<br>Жол сілтемелерді қарау;<br>Мұражайды таңдау;<br>Экспозицияларды хаттау;<br>Топ жорық ;<br>Жаңалау шеберханасы.<br>**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** Мұражай директоры рөлінде мұражай мен жұмыскерлерді басқарады.<br>**Балалардың іс-әректі:** Кассир билетерді сатады жолсілтемелерді үлестіреді , Мұражай жұмыскерлері экспонатарды тандап паспортар жасайды , экспозицияны хаттайды ю<br>Суретшілер мұражайдын ашылу жарнамасын жасап,<br>Өндеушілер ескі экспонатарды жөндейді<br>Топ жорықшы мұражай бойынша келушілерді сүймелдеп экспонатар жайында әңгімелейді<br>Келушілер билеттер сатып алып,бағдарламамен танысып ,экспонатарды қарап сұрақ<br>Дүнгіршек жұмысшысы фотосуреттер,открыткалармен өнер альбомдарын сатады .Жүргізушілер экспонатарды әеліп ,көлікті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | кемелермен байланысқа шығады.<br>Дүрбі арқылы балықтардың бір үйір топтарын көру,зәкір салады, балықшыларға пәрмен салады.<br>**Балалардың іс-әректі:**<br>Кеме құрайды, матростар діңгекте ілініп тұрады, қараңғы жерге қарайды; көпірде тұрады; шлюпкашы діңгектің дұрыс салынуын тексереді;<br>Борсық матростарға команда береді, жұмысты қалай атқаратының бақылайды.<br>Сүңгуірлер судың түбін қарайды, зәкір іздейді, краншылар кемені жүкпен толтырады.<br>Механик көмірдің жанып кеткенін айтады.<br>Дәрігер адамдарды емдейді және жүзу кезіндегі жарақаттандырғандарды .<br>Балықшылар: торды бұрайды,теңізге лақтырады, балық аулайды, жәшікке сорттарымен орналастырады.<br>Механик машина жұмыстарын тексереді.<br>Адамдар билет сатып алады,кемеге отырады, транспорттық мекемедегі тыныштықты сақтайды.<br>Адамдарға тамақты | аяғында аңдармен мейірімді сөйлесіп,дәрумендер береді ,Кассир билеттер мен жол сілтемелерді сатып хайуанбақта жана аңдар пайда болғаның ескереді<br>Дәрігер Айболит аңдар жаңбырдан кейін сырқатанып қалғанын естіп көмекке келеді,жолда кедергілер кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады .<br><br> | Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді.<br>Өрт сөндіруші<br><br><br> | қадағалайды.<br><br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалай дайындайды. | | | | |
| **2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Ерекше сайыстар.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Кеңістікті, уақытты бағдарлауды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту<br>**Күтілетін нәтиже**: Түрлі спорттық ҰОҚ-ға қажетті ресурстарды анықтау және техника қауіпсіздігін ескере отырып қолдану.<br>**Дағды**: Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** | **2.Өзін – өзі тану**<br>**Тақырыбы: Мен табиғаттың бір бөлшегімін.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Жеміс-жидектер мен көгөністер .**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Сөздер мен фразадағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау,<br>сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану<br>**Күтілетін нәтиже**: Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу.<br>**Дағды**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** | **2. Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Алтын балық.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Табиғи және жасанды материалдарды ажырату.<br>Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау, құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** | **2. Музыка**<br>**Тақырыбы: Наурыз – жыл басы.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>**Тыңдау:** «Қосалқа» (Дәлеткерей, өңдеген Л. Хамиди)<br>**Ән айту:** «Наурыз тойы» (О. Пелевина,Г. Құрымбаева )<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:**<br>«Сақина салу »<br>( ән-ойын) (өңдеген Е. Брусиловский) |
| ***2 үзіліс*** | | | | | |
| **Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»** | | | | | |

**Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**
**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. "Алыптар" мен "қуғыншымын" қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, "ергежейлілер" жүгіреді.
**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.











**Ойын: « Көбелектер бақалар»**
**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.
**Ойын барысы:** Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.
**Ұсыныс:** ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.





## 3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Жеміс пен көгөніс ертегісі** (сюжетті)<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Негізгі геометриялық пішіндердің көмегімен қарапайым заттар мен олардың бөлшектерін, сондай-ақ біртұтас сюжеттік желісі бар сурет салу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сурет сюжетіне, композициясына, өлшеміне, түсіне қарай қажетті көркем материал мен құралдарды таңдау.<br>**Дағды:** | **3.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: Анама қызғалдақ сыйлаймын.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Затқа қарап және елестету арқылы, ермексаздың, сазбалшықтың және басқа да материалдардың бүтін бөліктерін соза отырып, таныс заттарды, түрлі пішіндегі, көлемдегі жеміс-жидек, жануар, құстардың модельдерін қарапайым геометриялық пішіндер негізінде мүсіндеу<br>**Күтілетін нәтиже:** Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.<br>**Дағды:**<br>**Ойлау деңгейі:** білу, | **3.Жапсыру**<br>**Тақырыбы: Дүкен сөресінде.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын,заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбаларды қию.<br>**Дағды:**<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері: «Мен лидермін»** әдісі | **3.Музыка**<br>**Тақырыбы: Наурыз – жыл басы.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату.<br>Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>**Тыңдау:** «Қосалқа» (Дәлеткерей, өңдеген Л. Хамиди)<br>**Ән айту:** «Наурыз тойы» (О. Пелевина, Г. Құрымбаева )<br>**Музыкалық-ырғақты** | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Магниттің ерекшелігі қандай?**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Магниттерді қолдану жолдарын пайымдау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Магниттің ерекшелігін біледі.<br>**Дағды:**<br>**Ойлау деңгейі:** білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері: «Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** | түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** | **Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** | **қозғалыс:**«Сақина салу »<br>( ән-ойын) (өңдеген<br>Е. Брусиловский) | |

***3 үзіліс***

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»**

**Артикулыциялық жаттығулар:**

**Балықтар**

Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
**Балық:** «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



**«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.**

**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.

















**Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»**

**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру

**Жасы:** 5-6 жас аралығы

**Қажетті заттар:** Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.

**Ойын барысы:** Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.







**4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4. Вариативті** | **4. Дене шынықтыру** | **4. Қауіпсіз мінез - құлық** | **4. Вариативті таңдау сағат** | **4. Вариативті таңдау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таңдау сағаты**<br>**«Ертегілер әлемі»**<br>**Тақырыбы : Алтын жұмыртқа.** | **Тақырыбы: Тым жоғары белсенділік.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау. Ойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту (ойынның түрлі нұсқаларын ойлап табу, қимылдарды құрастыру)<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Дағды**: Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтай алады. | **негіздері**<br>**Тақырыбы: Қауіпсіздік мектебі.Бейтаныс адамдармен тілдесу ережесі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Таныс емес жағдайда өзін-өзі ұстау ережесін түсіну.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**: **«Мен лидермін»** әдісі<br>**Кері байланыс:**<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** | «Логика»<br>**Тақырыбы: Сипаттамаға қай зат ұқсайды?** | **сағат**<br>**«Шебер қолдар»**<br>**Тақырыбы: Тұзды қамырмен жұмыс «Мысық»** |

***4 үзіліс***

**Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

**Ойын: «Тығылыспақ»**

| | | |
|---|---|---|
| **Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**<br>**Қысқыштармен ойналатын ойын**<br>**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>**«Жаңғақтармен ойын »**<br>**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды. | <br> | **Ойын: «Тығылыспақ»**<br>**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту<br>**Жасы:** 5-6 жас аралығы<br>**Қажетті заттар:**<br>**Ойын барысы:** барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ........(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|   |   |  |  | жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады. | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Сәуір Серуен-Бақылау №3** **Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау** *Мақсаты:* — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. *Бақылау барысы* **Тәрбиеші әңгімесі:** Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, | **Сәуір Серуен-Бақылау №4** **Бақылау: Тастарды бақылау** *Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.* *Бақылау барысы* Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: | **Сәуір Серуен-Бақылау №5** **Бақылау: Бұлттарды бақылау** **Мақсаты**: *өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.* *Бақылау барысы.* *Көркем сөз. «Бұлт»* *Ө. Ақынбекұлы* *Бұлттың қайда тұрағы?* *Біле алмадым мұны әлі.* *Білерім көк аспанның,* *Бұлт-көшпелі бұлағы.* Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұлт дегеніміз не? ♦Бұлттардың түсі қандай болады? ♦Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)* ♦ бұлттардың қандай түрлерін | **Сәуір Серуен-Бақылау №6** **Бақылау: Желді бақылау** *Мақсаты:* *- жел туралы түсініктерін бекіту;* *- жел түрлерін есте сақтау.* *Бақылау барысы* Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның | **Сәуір Серуен-Бақылау №7** **Бақылау: Сутоғанды бақылау** *Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* *Бақылау барысы* Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы куалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.** ***Дамытушылық сипаттағы сабақ*** **«Ертегілер әлемі» Тақырыбы : Алдар көсе.** | **4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Шыныққан, әрі шымыр боламыз. ҰОҚ Мақсаты:** Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру,ойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту (ойынның түрлі нұсқаларын ойлап табу, қимылдарды құрастыру) **Күтілетін нәтиже**: Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындап, оларды алмастырды, қара-пайым дене | **4. Қауіпсіз мінез - құлық негіздері Тақырыбы: Қауіпсіздік мектебі. Табиғат апаты. ҰОҚ мақсаты:** Ауа райының өзгеру жағдайына сәйкес қауіпсіздік ережесін білу. | **4.** ***Дамытушылық сипаттағы сабақ*** **«Логика» Тақырыбы: Балалардың есімдері кім?** | **4.** ***Дамытушылық сипаттағы сабақ*** **«Шебер қолдар» Тақырыбы: Түймемен жұмыс «Сиыр»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттығулары-<br>мен алмастырады<br>**Ойлау деңгейі:** білу, қолдану.<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>Түрлі қозғалмалы ойын түрлері<br>**Кері байланыс:** | | | |
| ***4 үзіліс***<br>**«Торғайлар мен тор»** қимылды ойыны | | | | | |
| **Тіл гимнастикасы**<br>**«Р»-ға тілің келе ме?**<br><br>**Қаламқасқа «тұр», - деші,**<br>**Қарындашқа «жүр», - деші.**<br>**«Қара қарындашты**<br>**Қаламқас алып тұр», - деші,**<br>**Ал енді өзің-ақ**<br>**«Р-р-р-р», - деші.** | | **Ойын: «Торғайлар мен тор»** қимылды ойыны<br>**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.<br>**Ойынның шарты:**Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.( Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды. | |  | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!»** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №13**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау**<br>***Мақсаты:*** *әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Бұлт»** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №14**<br>**Бақылау: Күнді бақылау**<br>***Мақсаты:*** *күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.*<br>*Бақылау барысы*<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №15**<br>**Бақылау: Желді бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>*- жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>*- жел түрлерін есте сақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды, | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №16**<br>**Бақылау: Топырақты бақылау**<br>***Мақсаты:*** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .*<br>*Бақылау барысы*<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №17**<br>**Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>***Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;*<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>*Бақылау барысы*<br>*Тәрбиеші жұмбақтар* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ә. Ақыпбекұлы**<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы.<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.**<br>♦ Аспанға қарандар, не көріп тұрсындар?<br>♦ Бүгінгі бұлттар қандай?<br>♦ Қалай ойлайсындар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br><br>**Еңбек**<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>*Мақсаты:* бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Үйсіз қоян».<br>*Мақсаты:*<br>—бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>— жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жаңылтпаш айту:<br>«Ала бұлт ақ па,<br>Ақ бұлт ақ па?<br>Ала бұлт ақ емес,<br>Ақ бұлт ақ»<br>«Анау арал қай арал,<br>Қайынды арал, талды арал»<br>***Жұмбақ:*** | Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.<br>*(күн)*<br>*Алауға оранып,*<br>*Көкке өрлеп шығады.*<br>*Бір айналып оралып,*<br>*Көкжиекке бұғады.*<br>*(күн)*<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>*Күн қай жақтан шығады?<br>*Қай жаққа батады?<br>*Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>*Неге?<br>**Зерттеу қызметі**<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? *(қоңыр түсті әйнекпен)*<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.*<br>**Қимылды ойын** «Күн мен түн». | Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>♦ Желдің қандай түрлері болады?<br>♦ Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.<br>**Еңбек** Гүл өсіретін | қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>*Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Аққу-қаздар».<br>*Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>*Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.*<br><br>***Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай.***<br>***Қара жерге де, қамқорлық керек.*** | *жасырады:*<br>-Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>-Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>-Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады.<br>Бұл не? (шыбын)<br>-Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>-Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)*** | *Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.*<br>**Жаттығу ойыны** Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>*Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.*** | (клумба) алаңды дайындау<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.*<br>**Қимылды ойын** «Кім жылдам?».<br>*Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны** Бір-біріне доп лақтыру.<br>*Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.* | | ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>♦ **Зерттеу жұмысы** Қанқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Аланды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар».<br>*Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.*<br>**Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.*<br>***Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.*** |
| **Балаларды үйге қайтару** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес*** Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - мектеп туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу; Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу; | ***Ата –аналарға кеңес*** «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу. | ***Ата –аналарға кеңес*** - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз:, | ***Ата –аналарға кеңес*** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау кажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Тексерілген күні :** 18.04.2021
**Тексерілді ш.о әдіскері: ________________ Тусупова К.С**
**Мектепалды 0 «Б» сыныбының тәрбиешісі: Актанова К.М**

**Мектепалды даярлық 0 «Б» сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы**
**(25.04-29.04.2022 ж)**
***Ай тақырыбы:«Біз еңбекқор баламыз»***

| ***Балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру*** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Күн тәртібінің мазмұны Білім салалары*** | ***Дүйсенбі 25.04*** | ***Сейсенбі 26.04*** | ***Сәрсенбі 27.04*** | ***Бейсенбі 28.04*** | ***Жұма 29.04*** |
| | «Қатынас»<br>«Денсаулық»<br>«Шығармашылық»<br>***Дамытушылық сипаттағы сабақ «Ертегілер әлемі»*** | «Таным»<br>«Әлеумет»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Денсаулық» | «Қатынас»<br>«Әлеумет »<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Дамытушылық сипаттағы сабақ «Логика»*** | «Қатынас»<br>«Шығармашылық»<br>«Таным»<br>***Дамытушылық сипаттағы сабақ «Шебер қолдар»*** |
| **Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **«Әдебиет орталығы»**<br>«Тату доспыз бәріміз» тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды.<br>**Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз!**<br>**Өнер орталығы:** әр ұлт өкілдерінің суретін салады. | **Д/ойын:<br>«Керісінше айт»<br>Мақсаты:**<br>Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы- суық, ыстық- суық, жарық - қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу. | **«Бауырмал халық»<br>Боямақпен жұмыс.<br>Мақсаты:** Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған.<br>Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз. | **Үстел- үсті ойын:<br>«Пазлдарды құрастырамыз»<br>«Әрқашан күн сөнбесін!»<br>Мақсаты:**конструктормен,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу. | **Д/ойын:<br>«Достық»<br>Мақсаты:**<br>1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу;<br>**Ынтымақ**тыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. |
| **ҰОҚ дайындық** | | | | | |
| **«Сәлеметсіңдер ме, балалар!»<br>Шаттық шеңбері<br>Жаттығу** | **Мнемосхемамен «Дос»туралы мақал-мәтелдер**<br>Доссыз өмір-бос.<br>Жүз сомың болғанша,<br>Жүз досың болсын. | **«Достық үйін құрамыз»**<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз. | **«Болмасын еш тосқауыл»**<br>Жақсылыққа, бақытқа,<br>Талпынған әр уақытта.<br>Бала біткен дос, бауыр,<br>Болмасын еш тосқауыл. | **«Күлімде, Күн, күлімде»**<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат!<br>Берекелі бүгіндей<br>Бейбіт болсын болашақ. | **«Ағайынбыз бәріміз!»**<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз.<br>Ортақ болсын асар тау,<br>Жеміс толы бақша- бау.<br>Болсын жер мен су ортақ, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Болсын бізге ну ортақ.<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз! |
| ***Дамытушылық сипаттағы сабақ*** | ***Дамытушылық сипаттағы сабақ***<br>***«Ертегілер әлемі»*** | | | ***Дамытушылық сипаттағы сабақ***<br>***«Логика»*** | ***Дамытушылық сипаттағы сабақ***<br>***«Шебер қолдар»*** |
| **1 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Щёткалар – тазалық сақшысы.**<br>**Ё дыбысы мен әрпі.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту,сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.<br>**Күтілетін нәтиже**: Жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, тор көз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**Кері байланыс:** | **1.ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы : Сүт тағамдары. Пайдалы азық-түлік. Есеп және мысалдар шығарамын.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану.<br>**Күтілетін нәтижелер:** «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан кеміту таңбасы ретінде түсіне алады.<br>**Жазу:** Торкөздер бойынша салынған үзік сызықтарды бастырып жазу. | **1. Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Цеп – цеп қалай ауырды?**<br>**Ц дыбысы мен әрпі .**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу<br>Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу,қарапайым жиектерді штрихтап салу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешіріңіз, тыңдаңызшы! және т.б.) қолдану.<br>**Дағды:** Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**Кері байланыс:** | **1.Орыс тілі**<br>**Тема: Первым пробовать привык угощения язык. Полезно – вредно. Чему я научился?**<br>**Цели:** Понимать значение часто повторяющихся слов по лексическим темам.<br>Внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение действий).<br>Передавать информацию из прослушанных текстов при помощи рисунка, схемы, знаков.<br>**Ожидаемые результаты**: Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры.<br>**Методы**: Поверхностные упражнение **«да и нет »**<br>**Ресурсы :** | **1. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Тазалық пен ұқыптылық.**<br>**Мақсаты:** Жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ, ертегі, тақпақ т.б.) Өзінің ұсынымдарын сурет, сызба түрінде безендіруге баулу.<br>**Кері байланыс:** Кейіпкердің қылығы туралы пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды),иллюстрацияларды ертегінің эпизодымен салыстыру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**Рефлексия:Көңілді смайликтер** |
| ***1 үзіліс*** | | | | | |

**Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»**
**Мақсаты:** Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.
**Ойынның шарты:**Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып,былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.
**Ықтимал күрделендіру:**тез ойла
**Ойынның нұсқаулары:**Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.












**Ойын: «Оюларды құрастыр»**
**Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.
**Қолданатын көрнекіліктер:** Оюлардың қиылған суреттері
**Ойын шарты:** Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау.

| 2 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Шыныққан, әрі шымыр боламыз.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: Гимнастикалық орындық пен еңіс тақтайдың бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**Кері байланыс:**<br>***«Басқару» әдіс***<br>**Рефлексия:** | **2.Өзін - өзі тану**<br>**Тақырыбы: Туған жерімді сүйемін.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** | **2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Тазалық пен ұқыптылық.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау арқылы берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжауға машықтану.Ауыспалы мағынадағы сөздерді, бейнелі теңеулерді түсіну, оларды сөйлегенде қолдана білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже**: Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**Кері байланыс:**<br>***«Басқару» әдіс***<br>**Рефлексия:** | **2. Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Мемлекеттік рәміздер.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қазақстанның астанасын атау, мемлекеттік рәміздерді білу.<br>**Күтілетін нәтиже**: Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**Кері байланыс:**<br>***«Басқару» әдіс***<br>**Рефлексия:** | **2.Музыка**<br>**Тақырыбы: Алматының алмасы.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>**Тыңдау:** «Алматы» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбеков)<br>**Ән айту:** «Мен алманы жақсы көрем» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов)<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:**<br>« Билеп үйренеміз», «Билейміз» ( М. Мусоргский)<br>**Күтілетін нәтиже**: Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**Кері байланыс:**<br>***«Басқару» әдіс***<br>**Рефлексия:** |
| ***2 үзіліс*** | | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сюжетті - рөлді ойын:***<br>**«Тігінші»**<br>***Мақсаты:*** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>***Көрнекіліктер:*** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.<br><br>***Ойын барысы:***<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>Өнерім қол ұшында,<br>Боламын мен тігінші<br>Тігіншінің ішінде,<br>Бас бармақтай бірінші.<br>***Ойын: «Дұрысын тап»***<br>**Мақсаты:** Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.<br>***Тәрбиеші:*** Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар.<br>Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.<br>Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?<br>Шаштараз не киеді?<br>Балалар белгілеп береді.<br>- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды | ***Артикуляциялық жаттығулар:***<br>***Ойын:*****« Часы» «Сағат»**<br>***Мақсаты:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.<br>Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.<br>• ***«Сағат»*** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.<br>• ***«Саңырауқұлақ»*** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.<br>***«Дәмді тосап»***<br>***Мақсаты:*** жалпақ тілдің ұшынын жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br>***Қысқаша сипаттамасы:*** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.<br>***Әдістемелік нұсқау.***<br>1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере.<br>2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br>3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек. | ***Саусақ ойыны:*** **« Тасбақа»**<br>***Мақсаты:*** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.<br>**1.Тасбақа**<br>Тасбақа, тасбақа,<br>Тас астында тұрады.<br>Басын баяу шығарып,<br>Тиіссең кері тығады.<br><br><br><br>Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.<br>**Фонетикалық жаттығулар**<br>**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.<br>**1.Баудағы кім?**<br>Ара болсаң, ызыңда<br>**З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж**<br>Жұмыс істе, тығылма.<br>- Ара қалай дыбыстайды?<br>**(з- з-з)** - қатты\жай | **Психологиялық ойын:**<br>**Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»**<br>***Мақсаты:*** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.<br>***Ойын шарты:***<br>Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл рөлді бір бала атқарады. Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша | **Аз қимылды ойын:**<br>**Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»**<br>**Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.<br>**Ойын шарты:**<br>**Мазмұны:** Аланда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.<br>Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.<br>Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.<br>Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;<br>Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;<br>Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.<br>**Ойынның ережесі:**<br>1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.<br>2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.<br>Әдістемелік нұсқаулар. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.<br>***Ойын:«Тігінші»***<br>***Тәрбиеші:*** Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді)<br>Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек.<br>Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.<br> | <br> <br> <br>  | <br>**2.Жыланның ысылы.**<br>Жылан қалай дыбыстайды?<br>Ыс-с—ыс-сссс....<br><br>**3.Шалқан**. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о**!» деп таң қалды.<br><br> | кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.<br>"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.<br><br> | Бұл ойынды ұйымдастыру үшін аланды дұрыс таңдаған жөн.<br>Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.<br>Ойын қызықты өтуі үшін ойынны мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.<br>Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.<br>Ойынның педагогикалық маңызы.<br>Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.<br>Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  | |  |  |  |

**3 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Сурет салу**<br>**Тақырыбы : Мен спортшымын** (пәндік)<br>**ҰОҚ мақсаты:** Негізгі геометриялық пішіндердің көмегімен қарапайым заттар мен олардың бөлшектерін, сондай-ақ біртұтас сюжеттік желісі бар сурет салу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Жұмыс барысында жұмыс орны мен құралдарды ретке келтіру,материалдарды үнемдеп жұмсау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**Кері байланыс:** | **3. Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: Қалықтап ұшқан бүркіт.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Дененің қарапайым пропорцияларын есепке ала отырып, қозғалыстағы адамның немесе жануардың қарапайым фигурасын мүсіндеу, фигураны тік немесе көлденең орналастыру, фигура бөліктерін өзара қосып, олардың бір-біріне қосылған жерін арнайы кескіш көмегімен тегістеп, жымдастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Мүсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдалану.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>**«Ертегі терапиясы»**<br>**Ресурстар:** | **3. Жапсыру**<br>**Тақырыбы: Жаттығу жасаймыз.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: Бірнеше қабат етіп бүктелген қағаздан геометриялық сәндік элементтерді көбірек қиып алып, геометриялық пішіндерді (шаршылар, тіктөртбұрыштар, шеңберлер, сопақшалар) ортасынан немесе диагональ бойынша қию. | **3.Музыка**<br>**Тақырыбы: Алматының алмасы.**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.<br>Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау.<br>**Тыңдау:** «Алматы» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбеков)<br>**Ән айту:** «Мен алманы жақсы көрем» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов)<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:**<br>« Билеп үйренеміз»,<br>**Кері байланыс:** | **3. Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Жанды және жансыз табиғаттың айырмашылығы неде?**<br>**ҰОҚ мақсаты:** Жанды және жансыз табиғаттың өзара байланысын түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану<br>**Әдіс-тәсілдері**:<br>**Кері байланыс:**<br>***«Басқару» әдіс***<br>**Рефлексия:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану. | Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. | |
| ***3 үзіліс*** | | | | | |
| | **Сюжетті-рөлді ойын:** **« Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»**<br>**Мақсаты :** Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жағдаят:** Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы.<br>Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемені жөндеу, сүңгіуірлердің жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.<br>**Ойын шарты:** Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам | ***Қимылды ойын:*** **«Машинамен саяхат»**<br>**Мақсаты:** Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту.<br>**Көрнекіліктер:** Ойын алаңы, фишкалар.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол жеңімпаз.<br> | **Сюжетті-рөлді ойын:** **« Ұшқыштар»**<br>**Мақсаты:** Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету. Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту.<br>**Жағдаят:** Ұшар алдында ұшақты тексеру. Ұшақ ұшуда.Санитарлы ұшақ боранда ұшуда. Мұздақтағы балықтарды құтқару.Ұшақ далада жұмыс істеуде.<br>**Тәрбиешінің іс-әректі:** Диспетчер рөліндегі жерден бақылауды жүргізеді. Ұшақ жағдайларына байланысты бағыт беріп, SOS-дабылы арқылы аэродромдағы жұмысшылардың іс-әрекетін басшылыққа алады.<br>**Балалардың іс-әрекетті:** Техник ұшақтың моторынтексереді, ұшақтың ұшуға дайындығы | ***Қимылды ойын:*** **«Автобус жүргізуші»**<br>**Ойын мақсаты:**<br>Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүюге баулу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қажетті атрибуттар:** руль, абонементтер, орындықтар, микрофон.<br>**Ойын шарты:** Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде өткізілсе, орындықтар екі қатар етіп қойылады. Борменен еденге алдыңғы, артқы есік белгісін, яғни екі параллель сызығын сызады. Аялдамада тосып тұрған жүргіншілер артқы есіктен кіріп, біртіндеп қолдарындағы абонементтерін компостерге тесіп орындарына отырады. Жүргізуші рөліндегі бала «ал кеттік» деп, | **Релаксациялық жаттығу:«Теңізге саяхат»**<br>Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады.<br>**Жүргізуші:**Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз барқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда.<br>Теңіз толқындарының шуын естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы асқан ауыртпалықтан бір сәтке болса да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз. Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз. Күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
|  | сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды.<br>Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды.<br>Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды емдейді.<br>Балықшылар: торды айналдырады, теңізге тастайды, балық ұстайды, түрі мен сорты бойынша жәшіктерге салады.<br>Механик машиналардың жұмысын тексереді,<br>Жолаушылар билеттерді сатып алып, кемеге отырады, қоғамдық көліктегі жүріс-тұрыстың ережелерін сақтайды;<br>Аспазшы жолаушыларға ас дайындайды.<br> | | жөнінде хабарлайды.<br>Жүргізуші жанармай, тыңайтқыш, азық-түліктер әкеледі.<br>Экипаж командирі экипаж мүшелерінің іс әрекетін бақылапбасқарады.<br>Штурман навигациялық жағдайды қарайды катамен жұмыс істейді.<br>Радист балықшылар диқаншылармен рация арқылы байланысып ауа райын сұрайды.<br>Ұшқыш ұшақты басқарады, жерге тыңайтқыш сеуіп, балықшыларға тамақ лақтырып, дәрігер әкеледі.<br>Бортжолсерігі жолаушыларды ұшаққа кіргізіп орындарына жайғастырып, белбеулерді іліктіруді, кофе, газет пен журналдар, кітаптар оқуға ұсынып әкеледі.<br>Ұшқыштарға түскі ас дайындайды.<br>Дәрігер науқас жолаушыны қарап, оған көмек көрсетеді.<br>Балықшылар балық аулап, оларды ашық көлге алып кетеді, ұшақты байқап, оларға байрақты көтеріп белгі береді.<br>Жолаушы билет сатып алады, аялдамада шығып, ұшатын кезде ереже тәртібін сақтайды. | аузымен мотордың дүрілін салып жүргізеді. Біраз жүрген соң, келесі аялдамаларды «дүкен, дәріхана, парк» деп микрофонмен хабарлағанда, әр аялдамада 4-5 баладан түсіп отырады.<br>Тексеруші рөлін алғашқы кезде тәрбиеші өзі атқарады. Балалар автобустан түскенде қолдарындағы абонементтерін жинап алады. Автобустан түскен балалар «дүкен», т.б. орындарға кіріп, оны-мұны сатып алып, тағы да аялдамаға келіп тосады.<br>Ойынды осылайша қайта жалғастыруға болады.<br><br> | сәулесі мен жеңіл самал жел сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының кермек дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүгіргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлгіңіз келеді.<br>Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз.<br>Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз. Сіздің демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз.<br>Көздеріңізді асықпай ашыңыз! - Қандай сезімде болдыңыз? - Не сезіндіңіз? Оқушылардың алған әсерлері сұралады.<br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |  Зымыран  Ғарышкер | | |
| **4 сабақ - ұйымдастырылған оқу қызметі** | | | | | |
| | **4. *Дамытушылық сипаттағы сабақ*<br>«Ертегілер әлемі»<br>Тақырыбы: Гүлдер таласы.** | **4. Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: Жас футболшылар<br>ҰОҚ мақсаты:** Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру.<br>**Күтілетін нәтиже**:<br>Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру,ойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту .<br>**Ойлау деңгейі**: білу, түсіну, қолдану | **4. Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: Футбол аланында жаттығу.<br>ҰОҚ мақсаты:**<br>Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау.<br>Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету. | **4. *Дамытушылық сипаттағы сабақ*<br>«Логика»<br>Тақырыбы: Әрбір қызға баскиім таңда да,оларды біріктір.** | **4. *Дамытушылық сипаттағы сабақ*<br>«Шебер қолдар»<br>Тақырыбы: Түймемен жұмыс «Піл»** |
| **«Табиғат аясында»<br>Серуен. Танысу, ойындар, еңбек.<br>«Алақай,ойын!»** | **Сәуір<br>Серуен-Бақылау №18<br>Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау<br>*Мақсаты:*** *бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау* (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару );<br>— табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру;<br>— емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. | **Сәуір<br>Серуен-Бақылау №19<br>Бақылау: Жолжелкенді бақылау<br>*Мақсаты***:*емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру.<br>Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін* | **Сәуір<br>Серуен-Бақылау №20<br>Бақылау: Жәндіктерді бақылау<br>*Мақсаты:*** *«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;*<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>***Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:***<br>*Гүлдің нәрін жинайды, | **Сәуір<br>Серуен-Бақылау №21<br>Бақылау: Ауа-райын бақылау<br>*Мақсаты:*** *Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы<br>Көркем сөз.*** *А.Меңдібай<br>Мамыр айы келгенде,* | **Сәуір<br>Серуен-Бақылау №22<br>Бақылау: Гүлзарды бақылау<br>*Мақсаты:***<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>— Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>— Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.***<br>*Аппақ, аппақ бақбақтар,*<br>*Үлбіреген бақбақтар,*<br>*Құдды киіз ақ үйлер.*<br>*Парашюттен аумайды.*<br>*Төнеді кеп жан-жақтан,*<br>*Сәл-пәл самал жел соқса,*<br>*Тамашалап сәбилер.*<br>*Ақ ұлпалар заулайды.*<br>*Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы.*<br>*Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі.*<br>Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай.<br>Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты | *молайту.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші әңгімесі***<br>*-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.* | Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>*Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>*Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>*Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>*Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды | *Дала гүлге толады.*<br>*Жайнап барлық атырап,*<br>*Қызық-думан болады.*<br>*Бақшамызда біз еккен,*<br>*Гүл шоқтары гүлдейді.*<br>*Жапырақтар сыбдырлап,*<br>*«Қандай көркем, көр»- дейді.*<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>♦ Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>♦ *Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)*<br>♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)*<br>♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>♦ Қыста қар жауған | ♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>♦ Оларды қалай күтесіңдер?<br>♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>*Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын**<br>«Қай топ тез жиналады?».<br>*Мақсаты:* жүкіруге жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойыны** «Құлап қалма».<br>*Мақсаты:* бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>***Мақал-мәтел:***<br>***- Әр гүлдің иісі әр басқа.***<br>***-Гүл-араға, бал-балаға.***<br>***Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек.<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай??<br>♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?<br>♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар?<br>♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?<br>**Зерттеу жұмыс:** Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау.<br>**Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау.<br>*Мақсаты:*Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Өз гүліңді тап».<br>***Мақсаты:***<br>— түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.<br>**Жаттығу ойыны.**<br>Қимылдарын дамыту<br>***Мақсаты:***<br>*- Қимыл белсенділіктерін арттыру;*<br>*Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.* | *Балаларға сұрақтар:*<br>♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? *(шешек айы)*<br>♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? *(күннің көзі көп түскен жерде бар)*<br>♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)<br>♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? *(олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)*<br>♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? *(жолжелкен)*<br>♦ Оны неге олай атаған?<br>♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>*Мақсаты:* бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Бәйге».<br>*Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br>**Жаттығу ойыны:** | жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>♦ **Зерттеу жұмысы**<br>Қанқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Аланды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.*<br>**Қимылды ойын** «Аюлар мен аралар».<br>*Мақсаты: кеңістікте жүгіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.*<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты: жүгіру техникаларын жақсарту.*<br>***Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.*** | кезде ауа температурасы қандай еді?<br>♦ Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.*<br>**Қимылды ойын**<br>«Үшінші артық».<br>*Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.*<br>**Жаттығу ойыны**<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>— Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>— Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>***Мақал-мәтел***<br>***-Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы.***<br>***-Көктемгі жауын артық болмас.*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Дыбыстар арқылы жүру<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.*<br>***Мақал-мәтел:***<br>***Дана көптен, дәрі шөптен.***<br>***Құнарлы шөп, қосымша сүт.*** | | | |
| **Балаларды үйге қайтару.** | | | | | |
| **«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу.**<br>**Балаларды үйге қайтару.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына конаққа барсын, әжесінде конуға калсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз.<br>Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Тексерілген күні : 25.04.2022
